

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті



Педагогика, өнер және тілдер факультеті
Химия және биология кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРДІҢ КАТАЛОГЫ

5B011300
(шифрі)

"Биология"
(мамандығының атауы)

түскен жылы 2017

Шымкент 2017



Элективтік пәндер каталогы химия және биология кафедрасының мәжілісінде
талқыланды
Хаттама №7 6.02.2017ж.
Кафедра меңгерушісі
б.ғ.к. Сулейменова М.Т.



Элективтік пәндер каталогы педагогика, өнер және тілдер
факультетінің кеңесінде мақұлданды
Хаттама №8 14.03.2017ж.
Факультет Әдістемелік кеңесінің төрайымы
Сырлыбаева Э.М.



Элективтік пәндер каталогы «Мирас» Университетінің Оқу-әдістемелік
кеңесінде мақұлданды
Хаттама №8 24.03.2017ж.
ОӘБ бастығы
Игнашова Л.В.



Элективтік пәндер каталогы «Мирас» Университетінің Ғылыми
кеңесінде бекітілді
Хаттама №8 31.03.2017ж.
Университеттің Ғылыми кеңесі хатшы
а-ш.ғ.к. Тлегенова К.Б.





Мазмұны

Кіріспе	4
Ұсынбалы А траекториясы. Орта және кәсіби білім беретін мекеменің биология мұғалімі	5
Ұсынбалы Б траекториясы. Білім беру бөлімінің, акиматтардың, көгалдандыру ұйымдарының, экологияның маманы	6
Ұсынбалы В траекториясы. Ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкері	7
Жалпы модульдер пәндері	8
Мамандықтың базалық модульдерінің пәндері	11
Білім беру траекторияларының пәндері	15

Кіріспе

Оқу барысында әрбір студент, оқу нысанына және негізгі біліміне қарамастан, таңдалған мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алу үшін, міндетті компонент пен таңдау бойынша компоненттерден (элективті пәндер) тұратын, ең аз көлемі - теориялық оқудың 129* кредитін құрайтын білім беру бағдарламасын меңгеруге міндетті.

Міндетті компонент (МК) - студент таңдалған білім беру траекториясына қарамастан міндетті түрде зерделейтін, кредиттердің тиісті көлеміне ие оқу пәндері.

Таңдау бойынша компонент (ТК) - студент, олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде зерделеуге таңдайтын және нақты білім беру траекториясының ерекшелігін көрсететін кредиттердің тиісті көлеміне ие оқу пәндері болып табылады.

Білім беру траекториясы - МК және ТК пәндерінің жиынтығы болып табылады, оларды ойдағыдай зерделеудің нәтижесінде, студент кәсіби қызметтің белгіленген түрлеріне қажетті білімнің, дағдылар мен машықтардың жиынтығына ие болады.

Оқудың кредиттің технологиясы шарттарында әрбір студент эдвайзердің көмегімен өзінің білім беру траекториясын (бағдарламасын) қалыптастырады.

Студенттің оқу траекториясын жан-жақтан икемді және дербес түрде анықтау мүмкіндігін жасау мақсатымен ЭПК - элективті пәндер каталогы жасалды; аталған каталог, білім беру траекторияларын (мамандануларын) ескере отырып, таңдау бойынша компонентке кіретін пәндердің тізбесін білдіреді.

Әрбір пәнде қысқаша мазмұн келтірілген, пәнді зерделеудің мақсаттары мен міндеттері көрсетілген және пәнді зерделеуден күтілетін нәтижелер сипатталған және пәннің кредит түріндегі көлемі көрсетілген.

Білім беру траекториясын қалыптастыру үшін мыналар ұсынылады:

- оқуды тәмамдағаннан кейін кәсіби қызметтің қалаулы саласын анықтау;

- осы қызмет саласы үшін талап етілетін құзыреттерді анықтау;

- осы құзыреттерді қалыптастыратын ТК пәндерін таңдап алу;

- ТК және МК пәндерінің пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, оларды зерделеудің реттілігін анықтау, сондай-ақ оқу семестрлерінің санын және семестрде ұсынылатын орташа жүктемені анықтау (күндізгі оқу нысанының студенттері үшін - 18-21 кредит, сырттай оқу нысанының студенттері үшін - 15-17кредит, кешкі оқу нысанының студенттері үшін - 12-15 кредит).

Элективті пәндерді тәртіпсіз таңдауға жол бермес үшін, студенттерге, еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, «Мирас» университетінің мамандары тарапынан әзірленген үш білім беру траекториясы** (А, Б, В) таңдауға ұсынылады.

Білім беру бағдарламасы, таңдалатын білім беру траекториясына қарамастан студент тарапынан зерделенетін міндетті компонент пен таңдау бойынша компоненттің пәндерінен құралған мамандықтың базалық модульдерін, сондай-ақ студент тарапынан мамандықты алу мақсатымен зерделенетін таңдау бойынша компоненттің пәндерінен құралған мамандықтың модульдерін қамтиды.

Жоғары білім мамандығының мамандануы бойынша білім беру бағдарламасын сапалы түрде меңгеру үшін, оқу аяқталғанға дейін таңдалған траекторияны ұстанған жөн.

* Кәсіби тәжірибені, дене шынықтыруды, теориялық пәндерді және қорытынды аттестаттауды өз ішіне алатын, оқудың қосымша түрлерін (ОҚТ) қоспағанда

** Білім беру траекториялары ұсыну сипатына ие болып табылады және студентті жеке білім беру траекториясын қалыптастыру құқығынан айырмайды.

Ұсынбалы А траекториясы

Орта және кәсіби білім беретін мекеменің биология мұғалімі

Алынатын құзыреттілік пен дағды:

- қазіргі қауымда педагогтың әлеуметтік орнын білу; болашақ мамандығының мазмұны мен әлеуметтік мағынасын; педагогтың өмір сүру әрекетінің жетістіктері үшін үздіксіз білім алудың қажеттілігі;
- педагогикалық білім жүйесі мен ҚР-ның білім беру жүйесін білу;
- педагогикалық ғылым және практикаға құзіреттілікпен көшудің маңыздылығын білу;
- педагогикалық процесте, педагогикалық қарым-қатынас жасай білу;
- төтенше жағдайлардың аясында ҚР-ның заңнамалық актілерін білу;
- адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының негіздерін және іс-әрекеттің үнемді, пайдалы жағдайларын білу;
- барлық тіршілік әрекетінің негізі болатын, жасуша мен мүшелердің ұлпаларының құрылысын білу;
- өсімдіктер мен жануарлардың көбеюінің негізгі биологиялық заңдылықтарын білу;
- қазіргі заманның педагогының мақсаты және құндылықтарының заманауи білім берудің өзекті мәселелерін білу;
- микроскопты дұрыс пайдаланып, өсімдік ағзаларының құрылымдық элементтерін танып біліп, бақылаудың нәтижесін дұрыс жасай білу;
- өсімдіктер жүйесінде қолданылатын терминдер және негізгі түсініктер, морфологиялық сипаттамалар және түрлерді анықтай білу;
- қазіргі және қазбадан табылған өсімдіктердің тұқымдастарын, қатарларын, топтастырылуын, класс тармақтарын, бөлімдердің классификациясын түсіну;
- алған (қалыптастырған) теориялық білімдерін іс жүзінде, эксперименттік зерттеулерде, зертханалық жұмыстарда пайдалана білу, әртүрлі систематикалық топтарға жататын жануарлардың анатомиясын және морфологиясын оқып білу үшін, әртүрлі әдістемелер мен әдістемелік тәсілдерді меңгеру, құралдармен, макро және микропрепараттармен, микроскопиялық техниканы пайдалана білу;
- қалыптастырған теориялық білімдерін практикада және эксперименттік зерттеулерде қолдана білу.

Кәсіби қызметтегі қажетті салалар:

- білім беру әрекеті: орта мектепте, лицейде, гимназияда, колледжде биология пәнінің мұғалімі;
- басқару қызметінде: білім беру бөлімдерінде, әкімшілікте, көгалдандыру ұйымдарында, экологияда;
- ғылыми-зерттеу қызметі: әртүрлі ұйымдарда мамандық пәндері бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу (ботаника, зоология, адам анатомиясы, физиология, экология, генетика, молекулалық биология, биотехнология) .

Ұсынбалы Б траекториясы

Білім беру бөлімінің, акиматтардың, көгалдандыру ұйымдарының, экологияның маманы

Алынатын құзыреттілік пен дағды:

- тірі жасушалардың реттелу механизмдерін, құрылысының фундаментальді негіздерін білу;
- биология ғылымдарының даму тарихын, пайда болуын білу;
- тарихтың әртүрлі кезеңдерінде негізгі биологияның салаларының мазмұнын білу;
- биологияның базалық салаларының қалыптасу жолдарын; биология ғылымдары аясындағы ірі ғылыми жаңалықтардың ашылу тарихын білу;
- нақты биологиялық білімдердің деңгейі мен сипатын және нақты тарихи кезеңдердегі көріністерін білу;
- ізденіс-зерттеу жұмыстарын өз бетінше жүргізе білу;
- мектепте биологиялық экспериментті жүргізудің әдіс-тәсілдерін түсіну;
- ағзаның әртүрлі ұйымдасу деңгейіндегі іс-әрекетінің механизмдері мен қызметтерін білу;
- адам мен жануарлардың экологиясы, географиялық таралуын, физиологиясын және ұрпақ қалдыруын, морфологиялық ерекшеліктерін түсіну, биологиялық ұйымдасу деңгейлерін және олардың фундаментальді қағидаларын білу;
- анатомиялық, морфологиялық және токсологиялық зерттеулер жүргізе білу;
- топырақтану, егіншілік, агрохимия, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығының мәселелерін, заңдылықтарын және негізгі түсініктерін білу;
- биологиялық алуантүрліктің біртұтас биосферадағы тірі жүйелердің тұрақтылығының негізгі факторы екенін түсіну;
- топырақтағы процестерді, бағалауға, өсімдік және жануар ағзасына, тәжірибеге, бақылауға, идентификациялауға, классификациялауға, зерттелетін объектілерді егуге комплексті түрде келуді түсіну;
- эволюция ілімінің негізгі қағидаларын, түр түзілудің концепцияларын білу;
- биологиялық көзқараста эволюциялық ойлардың мәнін түсіну;
- органикалық тіршіліктің эволюциясы туралы білінеді жүйелей және классификациялай білу;
- биогеоценоздың түсініктері мен құрылымын және оның динамикасын, экологиялық апаттың түсініктерін, оның себеп-салдарын, қазіргі кездегі биогеоценоздардың жұмыс жасау ерекшеліктерін білу;
- биологиялық алуантүрліктің біртұтас биосферадағы тірі жүйелердің тұрақтылығының негізгі факторы екенін түсіну;
- табиғи ортаның экологиялық жағдайын бағалай білу;
- ағзалардың ұрпақ қалдыруының морфологиясы мен физиологиясын білу;
- биологиялық пәндер аумағында инновациялық әдістерді қолданудың икем-дағдыларын қалыптастыру;
- сабақтың технологиялық сызбасын, сабақты өтуді жоспарлаудың методологиясын, биологиялық-химиялық есептеу тәсілдерін және теориялық, практикалық есептер шығару методологиясын меңгеру;
- кәсіби қызметте және күнделікті өмірде денсаулықты сақтау технологияларын пайдалана білу;
- көпжасушалы ағзаның жасушалық популяциясының құрамын сараптау және бактериальді, өсімдік, жануар жасушаларының қызметтік, құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көру және түсіне білу;
- шаруашылық және медициналық мақсатта іс-шараларды оларды қорғау және үнемді пайдалану мақсатында жоспарлай білу;
- ағзалардың қызметтерінің интеграциясы және дифференциясы, жүйелі түрде ұйымдасу принциптерін білу;
- биофизикалық және физиологиялық эксперименттер жүргізудің әдістемелерін меңгеру, биофизикалық қызметтерін әртүрлі жағдайларда биофизикалық әдістермен зерттеу үшін.

Кәсіби қызметтегі қажетгі салалар:

- білім беру қызметі: орта мектепте, лицейде, гимназияда, колледжде, орта мектепте биология пәнінің мұғалімі;
- басқару қызметі: білім беру бөлімдерінде, әкімшілікте, көгалдандыру ұйымдарында және т.б.
- ғылыми-зерттеу қызметі: әртүрлі ұйымдарда, профильді пәндер бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау (ботаника, зоология, адам анатомиясы, физиология, экология, генетика).

Ұсынбалы В траекториясы

Ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкері

Алынатын құзыреттілік пен дағды:

- танымның өзіндік стильдік әрекеті мен шығармашылық процесінің маңыздылығын білу;
- шығармашылық білім беру ортасын ұйымдастыру үшін, оның формаларын, әдістерін, тәсілдерін білу;
- шығармашылық әрекетті дамыту және шығармашылық қабілеттілікті анықтау үшін ғылыми негізделген әдістер мен технологияларды меңгеру;
- ағзаның тіршілік әрекетінің құбылыстарын және процестерін түсіндіру үшін биологиялық білімді қолдана білу, денсаулық және қауіп факторлары ақпараттарды да қолдана білу;
- өсімдік түрлерін анықтап, оның биологиялық тұқымдасқа, қатарға біріктіріп, өсімдік бірлестігінің әртүрлі көрсеткіштерін қолдана білу, өсімдік бірлестігінің жеке өкілдерін сипаттау әдістемесін меңгеру;
- биология аясындағы әдістемелік тәсілдер мен әдістерінің формаларының көптүрлілігін түсіну;
- биологиядан дидактикалық материалдарды даярлау икем-дағдылардың болуы;
- табиғи ортада тірі ағзалардың бірлестігінің қарым-қатынастарының негізгі заңдылықтарын білу;
- биосфераның тұрақтылығы мен қызметінің механизмдерін білу;
- қоршаған ортаға негізгі ластаушылардың әсер етуінің ерекшеліктерін білу, адамның әртүрлі бағыттағы шаруашылық әрекеттерінің қоршаған ортаға әсерінің ерекшеліктерін білу;
- аумақтың табиғи қорларының потенциалын бағалау және табиғи қорлардың жеке дара түрлері мен олардың энергетикалық -заттық сипаттамасын бағалай білу;
- рұхсат етілген шекті концентрация (шоғырлану), рұхсат етілген шекті төгінділер түсініктерін қолдана білу дағдылары;
- зертханалық эксперименттің техникасын білу;
- шаруашылыққа пайдалы қасиеттері бар штамдар және тұқымдар ескі іріктемелерді жетілдіріліп, жаңа түрлерін білу;
- селекцияның тұқымқуалаушылықтың құрылымдық-қызметтік генетикалық негіздерін, тұқымқуалаушылықтың заңдылықтары және өзгергіштіктің заңдылықтарын білу;
- тұқымқуалаушылық ақпараттың жүзеге асуын және генетиканың негізгі заңдылықтары мен молекулалық механизмдерін түсіну;
- өсімдік объектілерін гибридизациялау және тәжірибелер қоюдың икемділігін меңгеру;
- бейімдік оқыту жағдайында биологиялық пәндердің теориялық негіздерін білу;
- білім алушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды білу: ғылыми аппарат өңдеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеп, бағалау, жинақтап қорыту;
- адам популяциясының генетикалық құрылымы жайлы білімі болуы және адамның филогенетикалық дамуының негізгі кезеңдерін білу;
- биологияны оқыту әдістемесін, эксперимент қою және оны жоспарлауды, нәтижелерін сараптап талдай білуді меңгеру;
- анатомияны, морфологияны, гигиенаны және осы ғылымдардың даму кезеңдерін білу;
- биогеоценоз туралы, өлі табиғатпен тірі табиғаттың қарым-қатынасын, тірі ағзалардың бір-бірімен күрделі қатынастарын тереңдетіп білу, биологиялық білім аумағын кеңейту;
- биологиялық пәндер аясында инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана білу икемдігі;
- ет өндіру өнеркәсібінде, омарта шаруашылығында, балық өсіруде, мал шаруашылығында ауру түрлерін және экономикалық шығындарды анықтай білу икемдігі;
- табиғат қорларын үнемді пайдалану қағидаларын және қоршаған ортаның ластануына бақылау әдістері мен реттерін білу.

Кәсіби қызметтегі қажетгі салалар:

- білім беру қызметі: орта мектепте, лицейде, гимназияда, колледжде, орта мектепте биология пәнінің мұғалімі;
- басқару қызметі: білім беру бөлімдерінде, әкімшілікте, көгалдандыру ұйымдарында және т.б.
- ғылыми-зерттеу қызметі: әртүрлі ұйымдарда, профильді пәндер бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау (ботаника, зоология, адам анатомиясы, физиология, экология, генетика).

	Пән	Цикл пән	Кредит саны	PCT	Пәннің мақсаты және міндеттері	Жалпы модульдер пәндері		Пәнді оқытудағы күтілетін нәтиже	Пререквизиттері	Постреквизиттері
						Қысқаша мазмұны	Қысқаша мазмұны			
A	Саясаттану және әлеуметтану				<p>Мақсаты: студенттердің бойында саяси сана мен саяси мәдениет, студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын, қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігін, жан дүниесін, қабілетін қалыптастыра отырып Қазақстан Республикасының алдында тұрған міндеттерді шешуде белсенді қатысуға үйрету.</p> <p>Міндеттері: әлеуметтік ғылым саласында білім мен дағдыны қалыптастыру. Әлеуметтік әлем бойынша болашақ мамандардың ғылыми танымын қалыптастыруда меңгерту әдістемесін пайдалану. Әлеуметтік өзара әрекеттестік туралы түсінікті қалыптастыру, олардың даму ерекшеліктері және әлеуметтік институттар, әлеуметтік құрылым және әлеуметтік қатынастар, өзара байланыстар адамның әлеуметтік нақтылығы және олардың әлемдік қоғамдастық даму тенденциялары туралы түсінік қалыптастыру.</p>	<p>Әлеуметтану және саясаттану әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар құрылымында. Әлеуметтану және саясаттану ғылымының негізгі бағыттары. Қоғам, әлеуметтік және саяси жүйе ретінде. Саяси ой тарихи өлшемде. Табиғат билік. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Қазақстандағы саяси жүйені демократияландыру және саяси процесстер. Саясаттану ғылым ретінде. Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Саяси әлеуметтану. Отбасы әлеуметтануы. Әлеуметтану құрылымында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесі. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік институттар және әлеуметтік үдерістер. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация. Білім әлеуметтануы экономикалық әлеуметтану. Әдістері мен техникасы, нақты-әлеуметтік зерттеулер. Саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстар. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. Саясат жүйесіндегі қоғамдық өмір. Білік саяси феномен.</p>	<p>Азаматтық ұстанымды танытуға және қоғамдық-саяси белсенділікті арттыруды меңгеру, әр түрлі нысандағы саяси процесстерге қарсы тұруға, әлеуметтік-мәдени, идеялық-саяси және діни айырмашылықтарды ескере отырып жаңа қалыптасқан қоғамға бейімделу. Қоғамдағы болып жатқан саяси процесстерге талдау жасауды игеру.</p>	Мектептегі Қазақстан тарихы курсы		
B	Мәдениеттану	ЖБП	3	5	<p>Мақсаты: өзінің де, өзгенің де мәдениетін білу, түсіну.</p> <p>Міндеттері: Мәдениеттану пәнінің міндеті тарихи-мәдени процессті ғана зерттеп қоймай оны болжау, сондай-ақ даму ерекшеліктерін және басқаруды түсіне білу. Мәдениеттанудың негізі бұл адам бойында қандайда бір қоғамда қалыптасу үшін мәдени-шығармашылық қабілеттердің құрылымының заңдылықтарын ашу болып табылады. Мәдениеттану пәнінің міндеттері мәдениеттану ғылымын неғұрлым терең толық зерттеп, оның мәні, мазмұны, белгілері мен функцияларын анықтау; жалпы мәдениеттің генезисін анықтау (қарылымы мен дамуын), сонымен қатар мәдениеттанудағы жеке құбылыстар мен процесстердің адам өміріндегі рөлін анықтау; мәдениеттануды зерттеудің әдістерін негізі мен категорияларын анықтау; басқа ғылым салаларымен байланысын анықтау; мәдениеттану туралы зерттеулер, философия, дінтану, өнер және т.б. саладан келген мәдени процесстер мен құбылыстардың негізін, жеке аймақтардағы халықтардың мәдениетін, мәдени танымын зерттеу болып табылады.</p>	<p>Мәдениеттану пәні. Мәдениеттану әлеуметтік гуманитарлық жаратылыстану ғылымдар жүйесіндегі білім. Негізгі мәдениеттану концепциясы. Мәдени-тарихи процесстер және оның негізгі заңдылықтары. Мәдениеттің тарихи типтері. Процесстерге өркенеттік және формациялық әдістер арқылы тарихи мәдени дамуың ерекшеліктері. Алғашқы қауымдық мәдениет және оның ерекшеліктері. Ежелгі Шығыс мәдениеті. Антикалық дәуірдегі ежелгі Грекия және Рим. Отарғасырлық мәдениеттің ерекшеліктері. Қайта өркенет және жаңа қоғамдағы мәдениет. 21 ғасырдағы мәдениеттің тарихы. Қазіргі мәдениет және оның негізгі мәселелері. Қазақ халқы мәдениетінің негізгі ұлттық мәселелері. Қазақ мәдениетінің дара ерекшелігі. Ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі қазақ халқы мәдениетінің тарихы. Қошпелік мәдениеттің бір түрі ретінде. Қазақ мәдениетінің тарихи кезеңдерінің даму этаптары. Қоңұлтты қазіргі қазақ халқы мәдениетінің мәселелері.</p>	<p>Мәдени-тарихи үдерісті және оның негізгі заңдылықтарын, мәдени тұжырымдама, мәдениеттің тарихи түрлерін, формациялық және өркенеттік тәсілдер процесіндегі мәдени-тарихи дамуы білу, зерттеу процесстерін құру және әлемдегі абсолюттік құндылықтарды білу; мәдени нысандар мен феномендердің мазмұнын білу, олардың кеңістікті-уақыттық өзара байланыстағы өзара байланыстарды зерттеу. Мәдениетті қоғамның өзін өзі ұйымдастыру технологияларының бір түрі ретінде зерттеуді меңгеру, мәдени контекст тұраі тарихи құбылыстар, теориялар, әлеуметтік жүйелерді білу.</p>	Мектептегі өзін-өзі тану курсы		
B	Мәңгілік ел				<p>Мақсаты: жаңа буынды, жоғары деңгейлі әлеуметтік белсенді қоғам мүшелері ұлттық сана-сезімі жоғары, ұлттық рухы, патриоттық сезімі өзу, әлеуметтік сана мен тарихи таным жоғары, бәсекеге қабілетті және патриоттық рухы мықты, мемлекеттің тәуелсіздігін және мемлекеттік қауіпсіздікті сақтай алатын, басқа ұлттың өкілдерімен қарым қатынас жасай алатын мамандарды тәрбиелеу.</p> <p>Міндеттері: Қазақстан халқының батырлық мысалдары арқылы ұлттық тарихты зерттеу; жастар арасында ұлттық рухты және өзіндік тарихи ойды көтеру; Сәулеттік көздер бойынша туған өлке тарихын зерттеу арқылы ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту.</p>	<p>Пәннің мәні ұғымдар "тәрбие", "этикалық тәрбие", "ұлттық тәрбие". Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие контекстінде ұлттық тәрбие беру. Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, болашақ мамандарды үш құрамдас бөлігі ұлттық "Мәңгілік Ел" идеясы моделі туралы білімді қалыптастыру. "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясының негізі бұл ұлттық тәрбиенің методологиясы. "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясының негізі ұлттық саясат аясындағы Қазақстан Республикасының Президентінің стратегиялық құжаттары болып табылады. "Ұлттық идея", "Ұлттық рух", "Ұлттық идеал", "Ұлттық лидер", "Ұлттық элита" ұғымдарының мәні. Этномәдени және азаматтық түсінігін ұлттық идеялар. Азаматтық және этномәдени түсінігіндегі ұлттық идеялар мен ұлттық идеалдың дүниетаным. Олардың бірлігі мен байланысы. Қазақстанның ұлттық идеясы: келісімнің этикалық сәйкестену мен топтастырылуы. Мәңгілік ел ұлттық идеясы тұрғысынан жаңа қазақстандық азаматтарды патриоттық сезімге баулу және тәрбиелеу. Қазақстандағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық-әдіснамалық негізде. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы болашақ мамандарды ұлттық тәрбиеде тәрбиелеу.</p>	<p>Болашақ мамандардың бойында ұлттық сана сезім мен қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларды түсіндіре отырып интеллектуалды дамыған, бәсекеге қабілетті, креативті, деңі сау, өзін өзі дамыта алатын дамыған, жаңа қоғамда өз орнын таба алатын, Отанды құрметтейтін қорғайтын жан-жақты тұлғаны тәрбиелеу, оларды өз өзін дамытуға үйрету.</p>	Мектептегі Қазақстан тарихы курсы		

A	ТҚН, экология және тұрақты даму				<p>Мақсаты: адам мен тіршілік ортасының өзара қарым-қатынасы және қауіпті және өте қауіпті жағдайлардағы негативті факторлардан қорғаудың негіздері саласында білім мен дағдылы қалыптастыру. Студенттерді адамның мекендеу ортасымен (өндірістік, тұрмыстық, қалалық) қауіпсіз өзара әрекет негіздерімен, қауіпті және төтенше қауіпті жағдайларда жағымсыз факторлардан қорғау негіздерімен таныстыру болып табылады, экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім алу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білімді қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері – экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамудың күрделі, әрі өткір мәселелерін талдауда кешенді нысанда және шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру, зерделеу және тәжірибелік дағдыларды иемдену жаратылыстану ғылымдары жүйесіндегі орнын анықтау. Мемлекеттің тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін білу. Адамдардың қорғау қызметінің эволюциялық дамуы: қауіпсіздік техникасы, еңбек қорғау, қоршаған ортаны қорғау, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайларда қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін, зерделеу және тәжірибелік дағдыларды иемдену.</p>	<p>«Тіршілік қауіпсіздік негіздері, экология және тұрақты даму» пәнінің мақсаты және міндеті. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі саласындағы заңды және құқықтық актілер. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғаныстың (АҚ) міндеттері, құру және жұмыс істеу принциптері. Жеке қорғану құралдары. Радиациялық және химиялық қауіптілік. Жашай жою қаруынан қорғау. Технофероның және технофералық қауіптіліктің кәсіргі күйі. Қауіпті және зиянды факторларды жіктеу. Адамды және мекендеу ортасын табиғи және техногенді текті зиянды және қауіпті факторлардан қорғау. Өртүрлі сипатты төтенше жағдайларды жіктеу. Төтенше жағдайларда экономика объектілерінің жұмыс істеу тұрақтылығы. Төтенше жағдайларда халықты қорғаудың негізгі принциптері мен тәсілдері. Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ұйымдастырудың практикалық шаралары. Су тасқыны. Су тасқыны жиі болатын аймақтар. Стихиялық апаттарды өрттерде өндірістік объектілердегі апаттарда және жарылыстарда халықты қорғау. Апаттан құтқару жұмыстарының ұйымдастыру және жүргізу негіздері. Озон қабатының бұзылуы. Қышқылдық жаңбыр. Парниктік эффект. Экология және кәсіргі өркеніет мәселелері. Экология және техникалық прогресс. Ғаламдық экологиялық мәселелер. Ағзалар және тіршілік ету ортасы. Экологиялық факторлар. Экожүйенің функционалдық құрылымы, экологиялық бағыттары. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфера эволюциясы. Биосфераның құрылымы. Биосфералағы биохимиялық үрдістері. Тірі зат концепциясы. Заманауи биосфера. Ғаламдық биогеохимиялық айналымдар. Заманауи өркеніеттің экологиялық дағдарыстары және мәселелері. Тұрақты даму стратегиясы, мақсаты және қағидалары. Тұрақты дамудың экологиялық қағидалары. Экоэнергетика. XXI ғасырдың ғаламдық энегетикалық тұрақты даму стратегиясы. Су ресурстары басқару. Су – XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы. Қалпына келетін энергия көздері. Тұрақты даму мақсатында ғаламдық ынтымақтастық. Тұрақты дамудың экономикалық аспектілері. Жасыл экономика және тұрақты даму. Қазақстанның қорықтары. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерді қорғау.</p>	<p>Хабарлы болуы: адамның жұмысқа қабілеттілігін, денсаулығын сақтауға кепілділік беретін, оны экстремальды жағдайларда әрекет етуге дайындайтын тиімді кәсіптік қызметтің техника қауіпсіздігіне және адамның қорғалғандығына қойылатын талаптармен үздіксіз бірлігі туралы, табиғат пен қоғам арасындағы негізгі заңдылықтар; етілділігі болуы: жағымсыз әсерлер параметрлерін бақлау және олардың деңгейлерін бағалау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін арттыру бойынша шараларды жоспарлау және жүзеге асыру, қоршаған ортаға өндірістің техногенді әсерін бағалай білу; дағдыланған болуы: құтқару жұмыстарын жоспарлау және қатысу; жеке қорғаныш құралдарын қолдану зардапшеші үлгілерге дәрігерге дейін көмек көрсету, табиғатты қорғау міндеттерін шешуге байланысты тақырыптарда логикалық пікірталас ұйымдастыру.</p>	Мектептегі биология курсы	Өсімдіктер және жануарлар экологиясы, Қолданбалы биология және топырақтану
Б	Еңбекті қорғау		ЖБП	2	3	<p>Мақсаты: Болашақ бакалаврларға қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайларын жасау мен тіршілік қауіпсіздігі туралы білім беру. Міндеттері: Өндірістік жабдықтарды орнату және қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік шаралары сақталуы; төтенше жағдайларды болжау және сауатты шешім қабылдау, халықтың денсаулығын сақтау және өндірістің персоналды шаруашылық объектілерде түрлі орын алған аварияларлық зарлантарды, табиғи апаттарды алдын алу, зарлантарын жою кезінде кәсіргі заманғы құралдарын пайдалану. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселелерін зерттеуге жүйелі көзқарас көрсету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларын қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қолдануға, сондай-ақ олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қабілетін дамыту; жұмыс орнында және өнеркәсіптік процестерде қауіп-қатерді алдын алу және төмендету бойынша іс-шараларды енгізу.</p>	<p>Күрстегі негізгі міндеттері, мамандарды дайындаудағы ролі. Еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің теориялық негізі. Ұғымдар мен анықтамалар: қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Еңбекті қорғаудың құқықтық және нормативтік негіздері. Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық және нормативтік-техникалық актілері. Еңбекті қорғаудың ұйымдастырушылық негізі. Еңбекті қорғау және денсаулық сақтау, олардың құрылымы мен функциясы саласындағы бақылау және қадағалау органдары. Кәсіпорында еңбекті қорғау, жай-күйін бағалау және талдау әдістері. Еңбек гигиенасы және өнеркәсіптік санитария. Адам ағзасына және жұмыс аймағының ауысындығы шекті рұқсат етілген концентрациялы зиянды заттардың әсері. Өндірістік жабдықтарды орнату және техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік. Электр қауіпсіздігі негіздері. Өрттің пайда болу себептері мен жіктелуі. Жарылыс нысандары мен жану шарттары. Өрт қауіпсіздігі бойынша өндірістердің жіктелуі. Ғимараттар мен құрылыстардың өртке төзімділігі.</p>	<p>Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және гигиена бойынша негізгі нормативтік құқықтық және техникалық реттеу, мемлекеттік қадағалау мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғамдық бақылау жүйесін; кәсіпорынның, саланың ерекшелігін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар еңбек қорғауды ұйымдастыру туралы; өндірістігі жазатайым оқиғаларды тергеу; өндірістік мекемелер мен жұмыс орындарын негізгі талаптары; қауіпті және зиянды факторлардың әсерінен қорғау әдістері; өрт қауіпсіздігі және өртке қарсы құрал-жабдықтар техникалық іс-шаралар туралы білу; жеке және жұмысқа қорғану құралдарын пайдалану мүмкіндігі; кәсіби қызмет саласында травматикалық және зиянды факторларды анықтау және талдау; техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және табиғи құбылыстар кезінде болжау әзірлемелер мен әсерді бағалау принциптері туралы білім қалыптастыру; -техникалық жабдықтар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін күшейту үшін құралдар мен әдістерін пайдалану мүмкіндігі туралы білу.</p>	Мектептегі биология курсы, Мектептегі биологиялық эксперимент
B	Саламатты Қазақстан					<p>Мақсаты: еліміздің орнықты әлеуметтік-демографиялық мақсаты дамуын қамтамасыз ету үшін, денсаулығын жақсарту, гигиеналық шараларды сақтау, өмір салтын қалыптастыру. Еліміздің өскелең ұрпақтары студенттерге, медициналық білім қалыптастыру үшін университет медбикелері тарапынан дәріс өткізілуін дәстүрге айналдыру. Міндеттері: тұрғындардың денсаулығын сақтау мәселесі бойынша мемлекеттік саясат ұстанымдарын таныстыру. Саламатты Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы аясында еліміздің барлық тұрғындарына салауатты өмір салтын қалыптастыруға үйрету және жалпы денсаулығын сақтауда профилактикалық шараларды сақтауды қамтамасыз ету.</p>	<p>Медициналық-демографиялық жағдай және сыртқатанушылық. Саламатты өмір салты және мінез-құлық факторларына негізделген әлеуметтік мәні бар аурулардың деңгейін төмендету. Дұрыс тамақтану. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің денсаулығы. Адам денсаулығына қауіпті жаман әдеттер. Тубекүлзебен, АИТВ/ЖИТС күресу жолдары. Аса қауіпті инфекциялардың (конго-қарым геморрагиялық қызбасы (бұдан әріККҚ) профилактикасы. Жыныстық қатынастан жұтатын аурулар және профилактикасы. Ерте жүктілік. Көмелетке толмағандар арасындағы ерте жүктілік.</p>	<p>Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДҰҰ) және тұрғындардың денсаулығын сақтау халықаралық ынтымақтастық қорғау жөніндегі басқа да халықаралық ұйымдардың жұмыс жасау бағыттарын білу; Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ұлттық денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру бағдарламаларының қағидаларын білу; қоғамдық денсаулық сақтау көрсеткіштері және оларды анықтау факторлары, олардың міндеттері, құрылымы және денсаулық сақтау ұйымдарында талдау сипаттамалары; негізгі принциптері, әдістері және гигиеналық білім беру және халықты оқыту құралдары; мемлекеттік санитарлық қадағалау қызметі институттарының қызметінің құқықтық жұмысын ұйымдастыру мен мазмұнын негіздері, әсіресе басқару, жоспарлау, қаржыландыру мәселелерін игеру. практикалық және ғылыми зерттеу жұмыстарында да статистикалық әдістерді қолдану білу; -халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету проблемаларын шешу; қоршаған ортаның жағдайына байланысты денсаулық сақтау жағдайын бағалау үшін әлеуметтік-гигиеналық мониторинг нәтижелерін пайдалану.</p>	Мектептегі биология және өзін-өзі тану пәнінің курсы. Салауатты өмір салты

А	Жетістік философия				<p>Мақсаты: табысты әлеуметтік мінез-құлықтың негізі ретінде әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру, қаржылық, өмірлік және кәсіби сәттілікке жетуге әсер ететін тұлғалық қасиеттерді дамыту</p> <p>Міндеттері: адамның бәсекеге қабілеттілігін өсуін ұлттың табыс факторы ретінде қамтамасыз ету</p> <p>нақты мақсаттарға жетуге аса назар аударатын, білімге, сауатты өмір салтына және кәсіби табысқа аса назар аударатын рационалды өмір сүруді қалыптастыру</p> <p>білім беру мәдениетін қалыптастыру, білімбөлашақтағы табыстың ең бастапқы факторы екенін түсіну</p> <p>заманауи маманның маңызды қасиеті ретінде компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру</p> <p>қошбасшылық қасиеттерді, практикалық қабілеттер мен табысты коммуникация дағдыларын, аналитикалық қабілеттерді қалыптастыру</p> <p>бейімделген кәсіби автоматтандыру, ахуалдық бағдарлау, халықаралық тәжірибені хабарландыру арқылы практикалық дағдыларды көтеру</p> <p>көркем мінез-құлық қабілетін дамыту, оның ішінде қиын өмірлік жағдайларда көркем мінез таныту қабілетін дамыту</p> <p>әрбір адам өзінің жеке салымы және жеке кәсіби қасиеттері бойынша бағаланатын әділетті қоғам тұрғызу туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>Ғылыми терминологияны адекватты қолдану білімін, оқу материалын таңдау және құрылымдау, ауызша баяндамалар және презентацияларды дайындау қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>Тұлғаның өмірлік табысының стратегиясы. Табысты тұлғаның мінезін моделдеу. Табысты коммуникацияның технологиясы. Конфликтология. Іскерлік хат жазысу. Іскерлік келіссөздер дағдылары. Маманның тұлғасын өртүрлі тіршілік салаларында қалыптастыру. Адам және билік. Тұлға және меншік. Кәсіпкерліктің әлеуметтік-мәдени және технологиялық негіздері. Бизнес-жоспарлау. Өз бюджетін әлеуметтік-экономикалық бірлік ретінде бюджеттеу және жоспарлау дағдылары. Адам ақпараттық-технологияда әлемде. Қызметтік міндеттерді орындау шеңберінде компьютерлеу. Электронды техникамен және ақпараттың негізгі түрлері және деректерді өңдеумен жұмыс жасау</p>	<p>Іскерлік қарым-қатынастар ортасында және жалпы адамдық ортада жұмыс жасайтын негізгі философиялық-этикалық принциптер мен нормаларды білу</p> <p>бюджеттеу және бюджетті жоспарлау дағдылары</p> <p>мақсат қою қабілеті, оған жету жолын таңдау қабілеті, кәсіби мәселелерді философиялық-этикалық нормалармен және принциптермен сөйкеш шешу қабілеті</p> <p>іскерлік этикет нормаларын меңгеру, сауатты сөйлеуге және хатты баяндаудың стилистикасына не болу</p> <p>нәтижеге (сана, жеделдік) жетуге бағытталу, ұйымдастырушылық дағдылары, дұрыс әрі уақытты құжат алмасуды қамтамасыз ету</p> <p>Презентабельді образды қалыптастыру</p> <p>ойлау жүйелілігі, мықты сараптамалық қабілеттер</p> <p>Электронды техниканы қолдану және ақпараттың негізгі түрлері және деректерді өңдеумен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын меңгеру, ДК, Outlook, Excel қолдану қабілеті</p> <p>Уақытты жоспарлау және жұмыста басымдықты анықтай білу қабілеті</p> <p>коммуникативтік құзыреттілік және ұжымдық және жобалық бағытталған ортада жұмыс жасай қабілеті</p> <p>көп міндеттер режимінде еңбек ету қабілеті, әрдайым білім алу және даму, тәжірибе жинауға ынта болуы.</p>	Мектептегі өзін-өзі тану, информатиканың курсы	
Б	Құқық негіздері	ЖБП	2	3	<p>Мақсаты: Құқықтық қондырғылардың жалпы әлеуметтік бағыттағы түсінік беру, білім алушыларға ресей заңнамасының жүйесінде дұрыс оңайдалу машықтарын дағдыландыру, қоғамдық өмірдің нақты оқиғалардың заңды мазмұнын сөйкештендіре және оның мүмкін емес тұтастай алғанда қоғамның құқықтық мәдениетін сөйкеш және құқықтық сананың әзірленуін білу.</p> <p>Міндеттері: құқықтық мәдениеттің бастақы қалыптарын білу; мемлекеттік қатынастардың дағдылану үшін машықтарын жетілдіру; қоғамның, мемлекеттің, құқықтың және тұлғаның байланысын ашу, құқықтың және құқықтық құбылыстардың бастапқы түсінігін ашу, ресей құқығының: конституциялық, әкімшілік, қаржы, азаматтық, отбасылық, еңбек, қылмыстық және экологиялық құқықтың негізгі салаларының құқықтық қатынастарын және нормалардың мазмұнын баяндау.</p>	<p>Мемлекет туралы, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар. Конституциямемлекеттің негізгі заңы. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары және сот. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік құқық негіздері. Басқарудың әкімшілік – саяси саласы. Қазақстан Республикасындағы азаматтық құқықтың жалпы ережелері. Кәсіпкерліктің құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасының отбасы құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. Қазақстан Республикасының экологиялық және жер құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы.</p>	<p>Конституциялық-құқықтық актілерді салыстырмалы-құқықтық талдауды жүргізе білу; еңбек қатынастары саласындағы заңды мәселелерді шешу және талдай білу; қажетті нормативтік актілерді пайдалану икемділігі және құқықтық реттеу саласы бағытынан оқиғалар мен іс-әрекеттерді сарантай білу; заң мазмұнын талдай білу.</p>	Мектептегі құқық негіздері курсы	
В	Медиация негіздері				<p>Мақсаты: Жан-жалдық жағдайда адамдармен тіл табысуды қалыптастыру дағдылары.</p> <p>Міндеттері: студенттерде жан-жалда ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға, дауындығын қалыптастыру; дауларды (жанжалдарды) шешудің тиімді тәсілдерін қалыптастыру; студенттік қоғамдастықта профессорлық-оқытушылар құрамымен және өзара жан-жалдық қарым-қатынасты қалыптастыру.</p>	<p>Әлеуметтік педагогика білім саласы ретінде. Әлеуметтік педагогиканың концептуалды идеялары мен принциптері. Әлеуметтік-педагогикалық процесс және оны дамыту жолдары. Адамды әлеуметтік дамыту ерекшеліктері. Әлеуметтік тәрбиелеу: мәні және мазмұны. Отбасы тәрбиенің әлеуметтік-мәдени ортасы және тұлғаны дамыту. Оқу-тәрбие мекемелері өскелең жас ұрпақты әлеуметтануды институты ретінде. Балалар субмәдениеті және балалардың әлеуметтік-мәдени әлемі. Әлеуметтік ауытқу, олардың себептері және жеңу жолдары. Қиын тәрбиеленетін балар, мәні, себептері, мәселері. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет процесс ретінде. Тұлғамен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістемесі және технологиясы. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістемесі және технологиясы. Баланың әлеуметтік-педагогикалық құқықтарын қорғаудың технологиясы.</p>	<p>Ұғыну керек:</p> <p>медиация рәсімін және басқа да баламалы рәсімдерді дауларды шешу принциптері жүзеге асыру қолжетімділігінің ролі туралы :</p> <p>қақтығысты (жан-жалды) шешудегі медиациялық тәсілдің ерекшеліктері;</p> <p>жан-жалдың динамикасы, жан-жал динамикасы, қақтығыс жағдайда тұлғаның мінез-құлық стратегиясын;</p> <p>білу керек:</p> <p>медиацияны қолдану және өткізуі;</p> <p>екі жақты келісім, медиациялық рәсімді реттеу;</p> <p>медиация рәсімнің түрі мен этаптары, медиациялық сессияға қатысушылардың мінез-құлық динамикасын.</p>	Мектептегі өзін-өзі тану пәнінің курсы	Қарым-қатынас психологиясы

Мамандықтың базалық модульдері пәндері											
	Пән	Цикл пән	Кредит саны		Пәннің мақсаты және міндеттері	Қысқаша мазмұны	Пәнді оқытудағы күтілетін нәтиже	Пререквизиттері	Постреквизиттері		
			KZT	ECTS							
A	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	БП	2	3	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: болашақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке бағытталуы қалыптастыру, болашақ мамандығының теориялық және практикалық негіздерімен қарулану және жоғары қоғамдық мәнін түсіну.</p> <p>Пәнді оқытудың міндеті: студенттерді мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің маңызы мен ерекшеліктері туралы алғашқы біліммен қамтамасыз ету, мұғалім тұлғасын қалыптастыру; үздіксіз кәсіби білім беруге қалыңтар жасау, терең теориялық білім мен кәсіби-педагогикалық құзиреттіліктерге ие болу; өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге деген қажеттілікті қалыптастыру, педагогикалық шығармашылыққа қызығушылығын туғызу.</p>	<p>Білім беру ерекшеліктері және оның қазіргі әлеуметтік мәдени жағдайдағы ролі. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі. Қазіргі қоғамдағы болашақ мұғалімнің жеке тұлғасы және мәселелері. Үздіксіз білім беру тұлғаның даму шарты ретінде. Педагогикалық кәсіптің жалпы сипаттамасы. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті және оның жеке тұлғасы. Педагогикалық білім беру жүйесі. Мұғалімнің кәсіби дайындығындағы құзиреттілік көзқарасы. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі педагогикалық іс-тәжірибе. Жобалық-зерттеу іс-әрекеті - мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту құралы. Педагогикалық қарым-қатынас педагогикалық үдеріс субъектілерінің әсерлесу негізі ретінде. Мұғалімнің тіл мәдениеті кәсіби іс-әрекет табыстылығының шарты ретінде. Үздіксіз білім беру жағдайында өзін-өзі тәрбиелеудің мұғалімнің кәсіби өсуіндегі ролі.</p>	<p>Білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> • қазіргі қоғамдағы педагогтың әлеуметтік бағытталуы; • болашақ мамандықтың маңызы мен әлеуметтік мәнін; • оқытушының болашақ қызметінің нысанын; • өмір табысты мұғалім үшін үздіксіз білім беру қажеттігін; • Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі мен педагогикалық білім беру жүйесі туралы ақпарат; • ғылым мен тәжірибені оқытудың құзиреттік мәні туралы; • мұғалімнің үздіксіз кәсіби және жеке қалыптастыру факторларын. <p>істей білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық үдерісте педагогикалық қарым-қатынасты қамтамасыз ету; • сөйлеу мәдениетін ие болу; • өзіне-өзі білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеу негіздеріне ие болу. 	Мектептегі өзін-өзі тану пәнінің курсы	Қазіргі заманғы білім беру технологиялары, Этнопедагогика, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі		
B	Педагогикалық қызметтің негіздері						<p>Пәнді оқытудың мақсаты: осы курстың мақсаты болашақ мұғалімнің бастапқы негізінде кәсіби-педагогикалық құзиреттілігін дамыту болып табылады.</p> <p>Пәнді оқытудың міндеттері: педагогтың іс-әрекетіндегі кәсіби-педагогикалық білімдер мен дағдыларға ие болу арқылы оның мәнін ашу; мұғалім іс-әрекеті туралы алғашқы білімдерді қалыптастыру; педагогтың қазіргі әлемдегі қалыптасуы мен ролінің ұлғаюы; мұғалімнің гуманистік, мәдени және коммуникативтік, шығармашылық мәнін ашу арқылы педагог кәсібіне бағытталуды стимулдау және тереңдету.</p>	<p>Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке кіріспе</p> <p>Мұғалімнің педагогикалық кәсібінің жалпы сипаттамасы. Жалпы адамзаттық құндылықтар және педагогтың кәсіби іс-әрекетінің мақсаты. Педагогтың жоғары білім беру жүйесінде қалыптасуы және кәсіби дамуы. Педагогтың кәсіби өсуі. Педагогикалық қарым-қатынас мұғалім шеберлігінің көрсеткіші және оқушылардың қалыптасу шарты. Болашақ маман-студенттің кәсіби және тұлғалық өзін-өзі дамытуы. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы олардың өзін-өзі дамытуы мен қалыптасуының шарты ретінде.</p>	<p>Кәсіби-педагогикалық білім мен ағдыларға ие болу; мұғалімнің кәсіби - педагогикалық іс-әрекетімен, жалпыпедагогикалық және спецификалық функцияларымен танысу педагогтың қазіргі әлемдегі ролін білу, пәндердің ерекшелігі мен қазіргі білім беру құралдарын білу.</p>	Мектептегі өзін-өзі тану пәнінің курсы	Тәрбие теориясы, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
B	Педагогикалық шығармашылық						<p>Пәнді оқытудың мақсаты: болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдайлар жасау; тереңдетілген ғылыми кәсіби-педагогикалық дайындыққа жету.</p> <p>Пәнді оқытудың міндеттері: педагогикалық қызметтің негізгі түрлерін зерттеу; оқытудың заманауи құралдарын қолдануды үйрену; педагогикалық шеберлігін жақсарту мақсатында жалпы педагогикалық мәселелер бойынша қосымша ақпаратты меңгеру.</p>	<p>Педагогикалық шығармашылық педагогикалық мәдениет компоненті ретінде, оның мәні және мазмұны. Кәсіби-педагогикалық қызмет - педагогикалық шеберліктің құрылу негізі. Педагогикалық эрудиция және құзиреттілік педагогикалық шеберлік шарты ретінде. Педагогикалық техника педагогикалық элемент ретінде. Педагогтың сөзі педагогикалық шеберлік шарты ретінде. Педагогикалық қарым-қатынас кәсіби шеберлік құрылымында. Педагогикалық этика және такт педагогикалық қарым-қатынастың негізгі элементі ретінде. Коммуникативті әсер ету педагогикалық қатынас формасы ретінде. Өзін-өзі тәрбиелеу оқытушының кәсіби шеберлігін құру құралы ретінде. Орта оқыту мекемелеріндегі оқу-тәрбиелік үрдісті басқарудағы мұғалімнің шеберлігі.</p>	<p>Қызметтің барлық түрлерін онтайландыра білу, оларды жан-жақты дамыту мен тұлғаны нығайтуға бағыттау;</p> <ul style="list-style-type: none"> • өзінің болашақ шәкірттерінде практика жүзінде творчестволық қабілеттерін қалыптастыра білу; • тереңдетілген ғылыми кәсіби-педагогикалық дайындықты білу. 	Мектептегі өзін-өзі тану пәнінің курсы	Педагогика тарихы
A	Өзін-өзі тану			<p>Пәнді оқытудың мақсаты: адамның өзіндік бейімділіктерін ашу және оның темпераментін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оны жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі әрі жеке дара субъект ретінде дамыту; қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шешуде жеке тұлға құндылықтарын, алған білімдерін іс жүзінде шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Пәнді оқытудың міндеттері: студенттердің өз-өзіне, адамдарға және қоршаған ортаға деген құндылық қарым-қатынастарын, айналасындағы адамдарға деген сезімталдық және кішіпейілділік таныту қабілеттіктерін ашу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - өзін тану арқылы өзгелерді, әлемді және адамзатты танып-білу, өзінің өмірдегі орнын түсіну, өзі жақсы көру арқылы өзгелерге жақсылық жасау, олардың бойындағы жақсы көру сезімдерін құрметтеу; - өзін дәріптеу, өзіне сену, өзін жүзеге асыра алу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дарыту. 	<p>Өзін-өзі танудың сатылары.Өзін-өзі тану тұлғаның өзін-өзі дамытуының шарты ретінде. Өзін-өзі танудың мәні. Өзін түсіну және қабылдау, өзін-өзі бағалау туралы түсінік, жан дүние үйлесімділігі және позитивті ойлар. Адамның ішкі байлығы. Өзін-өзі жетілдіру. Менің ішкі әлемім. Мен және басқалар. Менің жақын ортам. Мен және қоғам. Қоғаммен қарым-қатынас арқылы өзін-өзі тану. Тұлғаның мәдени мұраларға және тарихқа қозғарасы. Қазақстан халықтарының рухани құндылықтарын сақтай білуі. Азаматтық әлем және ұлысаралық келісім. Дін қоғам және тұлға мәдениетінің бір бөлігі ретінде. Әртүрлі діндердің гуманистік негіздері. Мен және әлем. Әлемнің біртұтастығы адам, қоғам және табиғаттың өзара тәуелділігі. Тұлғаның табиғатқа қарым-қатынасы. Экологиялық мәселерді шешудегі адамның үлесі. Өзін-өзі тану шығармашылықпен байланысы. Өнерге эмоционалды бейімділік. Адамдағы әсемдік пен әдемілік сезімі. Жалпы мәдениет және адамның жекелігі.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық іс-әрекеттің құндылық-мәндік негіздерін білу; • кәсіби өзін-өзі дамытудың негізгі заңдылықтарын білу • педагогтың кәсіби өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуының негізгі механизмдері. • Өзіндік кәсіби дамуының әлеуетін зерттеу. 	Мектептегі өзін-өзі тану пәнінің курсы	Биологияны оқыту әдістемесі, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.			

Б	Аксмология		БП	2	3	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: аксмология курсы оқытудың мақсаты тұлғаның шығармашылық әлеуетін кәсіби даярлау үдерісінде, өзін-өзі жетілдіруге, болашақта кәсіби жетістіктерге жету, өзін-өзі жүзеге асыру және дамытуға бағыттау болып табылады.</p> <p>Пәнді оқытудың міндеттері: Курстың негізгі мақсаты болып:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қарым-қатынас барысында адамның жекелік, тұлғалық, іс-әрекеттік сипаты туралы білімдер жүйесін қалыптастыру; - мамандарды аксмологиялық даярлық бағытымен таныстыру; - өзін-өзі жетілдіру жолдарын, жетістікке жету себептері мен салдарларын, өзін-өзі тұлға ретінде тану дағдыларын қалыптастыру; - оқыту технологиясының тиімділігін анықтау, инновациялық тәсілдермен таныстыру; - болашақ іс-әрекетті қалыптастыруға бағыттау. 	<p>Аксмологияның пәні, міндеттері. Аксмологияның адам және қоғам туралы ғылымдармен байланысы. аксмологиядағы әдіснамалық бағдарлардың түрлері. Аксмологияның әлеуметтік-мәдени контексті. Кәсіби шеберлікті дамытудағы рефлексивті аксмологиялық тәсілдердің құрылымы. Данышпандық туралы философиялық-психологиялық оқулардың дамуы. Интеллектуалдық дарындылықты зерттеу. Дарындылық тың кәзіргі заманғы концепциялары. Дарындылық тұлғаның динамикалық сипаты ретінде. Шығармашылық және іс-әрекет. дарындылықты диагностикалау моделінің негізгі элементтері. Интеллекті диагностикалау. Ең жақын жетістіктерді болжамау. Оқытуды дифференциациялау және жежелендіру. Білім беру мазмұнының сандық және сапалық өзгерістері. Педагогтар мен ата-аналар тарапынан дарындылықты диагностикалау.</p>	<p>Өр тақырып және бөлімдер бойынша ішкі элементтердің құрылымдық байланысы, тақырыптары бойынша негізгі ұғымдар мен ережелерді білу; өз білімін іс-жүзінде қолдана білу; өзін-өзі тұлға ретінде тану және талдауды іске асыру; педагогтың оқыту іс-әрекетінің деңгейі мен технологиялардың тиімділігін анықтау.</p>	Мектептегі өзін-өзі тану пәнінің курсы	Биологияны оқыту әдістемесі, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Мектептегі биологиялық эксперимент
B	Адам экологиясы				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: Қоғамды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету. Адамның өз ағзасында жүріп жатқан процестерді оның биологиялық және әлеуметтік жан ретінде тіршілік ортасын барынша оңтайландыру. Адам және табиғат байланыстарының заңдылықтарының мазмұнын ашу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: Экологиялық факторлардың адам ағзасына және оның денсаулығына әсерін білу. Экологиялық тәуекелділік және экологиялық бейімделудің мүмкіншіліктерін, қарым-қатынастың себеп-салдарларын, табиғи жолмен берілетін арулармен экологиямен байланысты таралатын аурулардың шығу тегін және әлеуметтік экономикалық саяси этникалық мәдени және рухани алғы шарттарын білу.</p>	<p>Адам экологиясы - адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын жеке тұлға ретінде индивид ретінде зерттейтін пәндердің жиынтығы. Адам және табиғат арасындағы эволюциялық және биологиялық аспектілерінің қарым-қатынасы. Адамның биоәлеуметтік табиғаты. Табиғат пен адамның арасындағы қарым-қатынастың эволюциясы. Адам экологиясының медико-биологиялық аспектілері. Оның экологиялық, философиялық сараптамасы. Қазіргі апаттық экологиялық жағдайдағы адамның рөлі. Адам экологиясы антропо-экожүйелер туралы ғылым. Экологиялық факторлар. Антропогендік экожүйелер.</p>	<p>- білімділік: адам экологиясының әлеуметтік-демографиялық және биологиялық аспектілерін білу. Адам экологиясының методологиясы және зерттеу әдістерін, адамды қоршаған ортаға және табиғатқа адамның іс-әрекетінің әсері; - түсініктілік: әртүрлі табиғи жағдайларға адамзаттың бейімделуі және адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың заңдылықтарымен біртұтастығын түсіну; - дағды: аумақтың экологиялық жағдайы мен экологиялық тәуекелділік факторларының қарым-қатынасын анықтай білу.</p>	Биологияға кіріспе, Гельментология.	Магистратура пәндері
A	Молекулалық биология				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: ағзаның қызметінің жасушалық механизмдері және молекулалық генетиканың негіздері туралы білім қалыптастыру. Халықтардың денсаулығын сақтауда қамтамасыз ету үшін экогенетиканың рөлін білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: ағзаның қызметінің жасушалық механизмдері және молекулалық генетиканың рөлі туралы түсінік қалыптастыру. Заманауи молекулалық генетиканың әдістерін қолданудың негізгі принциптері жайлы хабарлар болу.</p>	<p>Молекулалық биологияның маңызды жетістіктері және қазіргі заманғы теориялық және практикалық міндеттері. Молекулалық биологияның әдістері. Генетикалық инженерияның негіздері, экстримділік анализ, клондау, гибридизациялау, ДНҚ және РНҚ нуклеотидтерінің орналасу тәртібі, гендердің химиялық синтезі. Жасанды генетикалық бағдарлама жасау. Прокариоттар мен эукариоттардың геномдарының құрылымы. Бірегей және қайталанатын гендер, гомеозистік гендер. Ядросыз геномдар, хлоропласттардың және митохондриялардың ДНҚ-сы, сателлиттік ДНҚ. ДНҚ -сы бар вирустар, және фагтар. Адамның геномы, геномдық дақтоскопия. Генетикалық детерминацияланатын аурулар. Гендердің эволюциясы және</p>	<p>- білімділік: молекулалық биологияның теориясын білу; - түсініктілік: биологиялық тұрғыда ойлау, табиғат құбылыстарына материалдістік көзқараспен қарау және оған сараптама жасай білу; - дағды: алған білімдерін болашақ мамандығында қолдана білу.</p>	Биологияға кіріспе, Мектепте ГЗЖ-ын жоспарлау және ұйымдастыру.	Магистратура пәндері

B	Генетика сұрыптау негіздермен				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: генетика және селекция негізін пәнінің теориялық негізімен қарулану және оның негізгі бөлімдері бойынша практикалық іс-адамдардың білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: белгілердің тұқымқуалауының заңдылықтарының негіздерін білу және ұйымдасудың барлық деңгейіндегі өзгергіштігі, алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білу, зертханалық жұмыстарды өткізу, есептер шығару, түпкілікті және уақытша пренепараттар дайындау, өзгергіштіктен тұқымқуалаушылықтың заңдылықтарын оқып білу үшін тәжірибе қою және ғылыми әдебиеттермен анықтамалармен жұмыс жасай білу дағдыларын меңгеру білу. Эксперименттер жүргізудің әдістерін меңгеру.</p>	<p>Кіріспе. Моногибритті, дигибридті, полигибритті будандастырулардағы тұқымқуалаушылық, гендердің әрекеттесуінің нәтижесіндегі тұқымқуалаушылық. Жыныс генетикасы және жыныспен белгілердің тіркесімі туралы тұқымқуалаушылық. Кроссингвер және тіркесу, тіркес тұқымқуалаушылық құбылысы, хромосомаларда гендердің орналасу тәртібін анықтау. Генетикалық және цитологиялық қарғалар. Белгілердің цитоплазмалық тұқымқуалауы. Микроорганизмдердегі генетикалық сарптаудың ерекшеліктері. Мутациялық өзгергіштік, гендік мутация, хромосомдық мутация, геномдық мутация. Модификациялық өзгергіштік. Геннің құрылымы, генетикалық код және оның қасиеттері. Селекцияның генетикалық негіздері. Эволюцияның генетикалық негіздері және популяциялар генетикасы.</p>	<p>- білімділік: селекцияның зерттеу әдістерінің генетикалық негіздерін білу. Адам генетикасының, эволюциялық генетиканың және популяциялар генетикасының негіздерін меңгеру. Мутагенез бен тұқымқуалаушылықтың молекулалық негіздерін білу; -түсініктілік: генетиканың символикаларын, анықтамаларын, негізгі терминдерін, классикалық негіздерін түсіну және тұқымқуалаушылықтың жасушалық негіздерін түсінуге; -дағды: заманауи биологияда генетиканың алатын орнын зерттейтін мәселелерін, медицина мен халық шаруашылығындағы маңызын білу. Генетиканың даму тарихының негізгі кезеңдерінен хабардар болу.</p>	Адам биологиясы, Қазіргі заманның биология ғылымының жетістіктері	Магистратура пәндері
A	Қолданбалы биология және топырақтану негіздері				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: топырақтанудың жалпы негіздерімен танысу, топырақтың эволюциясы және генезис мәселелерін, оның биологиялық, химиялық, физикалық қасиеттерін, морфологиялық ерекшеліктерін сипаттамасын құнарлылығын, топырақтың негізгі типтерін құрылысын оқыту.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: топырақты танып білу, оның табиғи ортадағы маңызын, өсімдіктердің тамырлар жүйесін дамытын орта екендігін және топырақ фаунасы мен флорасының тіршіліктерін тікелей байланысын, топырақтың түзілу механизмдерін түсінуді қалыптастыру. Қазақстан Республикасындағы жағдайларға байланысты егіншілік шаруашылығындағы өнімнің потенциалын арттыруды, топырақты сақтау және оның құнарлылығын арттыру.</p>	<p>Топырақтану, топырақты өңдеу, агрохимия, өсімдік шаруашылығы, жеміс шаруашылығы және жидек шаруашылықтарының ғылым ретінде қалыптасуының тарихы. Пәнінің биологиялық және химиялық пәндермен байланысы. Ауыл шаруашылық және өсімдіктердің морфо-биологиялық ерекшеліктері және өсіру технологиясы. Мәдени өсімдіктердің зиянкестерімен пайдалы организмдері және олармен күресу шаралары. Топырақтың түзілу және қасиеттері, егіншілік шаруашылығының заңдылықтары және топырақты өңдеу. Органикалық және минералды тыңайтқыштар, пестицидтер, биологиялық белсенді заттар.</p>	<p>- білімділік: әсемдік өсімдіктермен ауылшаруашылық өсімдіктерін өсіру технологиясын білу; -түсініктілік: топырақты өңдеу, агрохимия, өсімдік шаруашылығы, жеміс шаруашылығы және жидек шаруашылықтарының ғылым ретінде қалыптасуының тарихын түсіну; -дағды: өсірілген өнімдерден орта мектептерде сабақ оту барысында көрсетілгендерді сауатты түрде іріктеп алу.</p>	ТҚН, экология және тұрақты даму, Органикалық химия.	Магистратура пәндері
B	Биомеханика	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: дене тәрбиесі мен спортта бақылаудың теориялық негіздерінің мазмұны туралы білім қалыптастыру, бақылаудың метадологиясы, зерттеу жұмыстарының дағдыларының қалыптастыру, олардың іс-әрекетте нәтижелер көрсеткіштерін анализдеумен бағалауда қолдана білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: спортшылардың объект ретінде көрсеткіштерін өлшеу үшін негізгі өлшем әдістерін танып оқып білу. Өлшемдердің нәтижелерін өз бетінше өңдеп сарптау дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Биомеханика ғылыми және оқу пәні ретінде. Биомеханиканың ғылым ретінде дамуы және оның салалары. Биомеханиканың даму тарихы. Адам қозғалыстарының кинематикасы және динамикасы. Адам қозғалысының барысындағы орындалатын жұмыс және жұмсалатын энергия. Адамның қозғалыс аппаратының биомеханикалық негіздері. Спортта және дене тәрбиесінде бақылау мен биомеханикалық зерттеулердің әдістері. Адамның физикалық сапаларының биомеханикасы. Техникалық - тактикалық шеберліктің биомеханикалық негіздері. Адам моторикасының жыныстық жастық ерекшеліктері. Қозғалыс әрекеттеріне үйретудің бағдарламалық оқытудың биомеханикалық аспектілері. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі бағдарламасына кіретін физикалық жаттығулардың биомеханикалық негіздері.</p>	<p>- білімділік: Адамның әртүрлі қозғалыстарының биомеханикасын зерттеу әдістерін білу. Қозғалыс сапаларын бағалауда биомеханикалық бақылау негіздері мен инструменттік бақылау әдістерін білу (спортшылар үшін). - түсініктілік: Биомеханиканың оқу пәні ретіндегі мақсаттарын міндеттерін және ғылым ретінде дамуын түсіну. Дәстүрлі биомеханиканың негізгі түсініктерін және қозғалыс әрекеттерін басқарудағы ролін түсіну. -дағды: Спортшылардың физикалық дайындық деңгейін және адамдардың қозғалыс әрекеттерінің көрсеткіштерінің өлшеу және бағалауда биомеханикалық сипаттағы әдістерді қолдана білу. Техникалық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып қозғалыс әдістерін биомеханикалық анализін жүргізе білу.</p>	Адам морфологиясы	Магистратура пәндері
B	Биофизика				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: биофизикалық процестерді оқып білу. Қажетті терминологиялармен әдебиеттермен танысу. Биофизикадағы әртүрлі деңгейлердегі құрылымдық элементтердің биофизикалық процестерін оқып білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: негізгі физикалық құбылыстарды білу, олардың жүру ерекшеліктерін, негізгі физикалық түсініктерді, өлшем бірліктерін, оның математикалық өрнектелуін және өрнектелуін білу, олардың заманауи өндірісте және ғылымда алатын орны. Нақты міндеттердің мазмұнын дұрыс түсіну және оған физиканың жалпы заңдылықтарын қолдана білу.</p>	<p>Ағзадағы биофизикалық процестер. Молекулалық физика, Белок молекулалары, құрылымы, нуклеин қышқылдары, белоктың биосинтезі, клеткалардың физикалық қасиеттері. Клетканың қызметі және құрылымы: нерв талшықтарының клетка мембранасы, заттардың мембранада тасымалдануы, биофизикалық пассивті электрлік қасиеттері, клеткалардың электрлік қарсыласуы, полярлану құбылысы, белсенді биоэлектрлік құбылыс, биоэлектрлік потенциалдың пайда болу құбылысы, нерв импульсінің таралуы тіршілік әрекетіндегі термодинамика процестері. Тірі жүйелердегі жылу түзілу және жылууды реттеудің механизмдері. Бұлшықет жиырылуының биофизикасы, сезім мүшелерінің биофизикасы, көру және есту талдағыштары. Иіс сезу және дәм сезу рецепциясы, Тактельді талдағыш, экстеро рецепторлар, сезім мүшелерінде ақпараттың кодталуы, қанайалым және тынысалу күрделі жүйелерінің биофизикасы.</p>	<p>- білімділік: биофизикалық процестердің негізін білу. Биофизикада қолданылатын терминдермен анықтамаларды клетка және клеткалық құрылымдардың ұлпалардың, мүшелердің және организм жүйелерінің қызметтерін түсіндіруде қолдану. -түсініктілік: биофизиканың даму перспективасымен мәселелерінде биофизикалық зерттеулерді жүргізу әдістерін түсіну. -дағды: биофизикалық объектілердің биофизикалық процестерін танып білуде оның модельдік көрінісін негіздей білу дағдысы және биофизикалық құбылыстарды анықтауда сипаттауда қажетті математикалық аппаратпен биофизикалық заңдылықтарды ағзаның қызметін анықтауда қолдана білу.</p>	Шөлдену проблемалары.	Магистратура пәндері
A	Қазақстанның биоресурстары				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: Қазақстанның жануарлар және өсімдіктер әлемінің қорларын оқып білу. Қазақстанның интродуцирленген биоресурстарының сапалары, фитохимиялық геоботаникалық, флористикалық қорлары туралы білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: Теориялық және қолданбалы әдістерді танып білу. Қазақстанның табиғи флорасындағы пайдалы өсімдіктерді қорғау және оларды үнемді пайдалану. Популяциялардың өміршеңдігінің негізгі критерілерін оқып білу.</p>	<p>Өсімдіктер әлемінің қорлары. Ботаниканың құрылымдық бөлігінің бірі ботаникалық ресурстанудың негіздерінің маңыздылығы. Биологиялық пәндердің жүйесіндегі ресурстанудың орны. Шикізаттық өсімдіктердің классификациялық жүйелері өсімдіктерден және биологиялық белсенді заттарды ашу және анықтау. Қазақстандағы шикізаттық маңызы бар өсімдіктерді зерттеудің кезеңдері. Ресурстанудың әдістері (шипашы өсімдіктердің қорын анықтау әдісі). қолданбалы және теориялық әдістері.</p>	<p>- білімділік: ТМД және Қазақстанның өсімдіктер және жануарлар әлемінің қорларын білу. Бағалы шикізаттық өсімдіктердің қазіргі жағдайын, шикізаттық өсімдіктердің классификациялық жүйеленуін білу. -түсініктілік:Қазақстанның ресурстану аудандастырылуының популяциялар өміршеңдігінің негізгі критерілерін түсіну. - дағды: Қазақстанның табиғи флорасындағы өсімдіктерді қорғау және популяцияларды қорғау мақсатында сарптама жасау дағдысына не болу және алған білімдерін іс жүзінде пайдалана білу.</p>	Қазақстан географиясының мектеп курсы, Цитология және гистология	Магистратура пәндері

Б	Қазақстан Республикасының қорықтары мен қорықшалары	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: Қазақстанның табиғи аймақтарының ерекшеліктерімен танысу- ыстық құмдық шөден және ылғалды тоғайлы ормандардан бастап Тянь-Шяньнің биік таулары мен жоталарына дейінгі табиғи аймақтары. Ерекше қорғауды қажет ететін түрлердің биологиялық сипаттамасы мен олардың белгілері.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: Аймақтың табиғатты қорғау іс-шараларын дамыту жүйесінің экологиялық принциптерін өңдеу қажеттілігі және қорғауды қажет ететін биоценоздарды адамның іс- әрекетінің әсерінен бұзылуы , тіршіліктің апатты жағдайларын қарастыру.</p>	<p>Кіріспе. Табиғатты қорғау маңызы. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың халықаралық классификациясы. Қорғауға алынған аудандардың негізгі категорияларымен приоритеттері. Қазақстандағы қорықтар мен қорықшалардың құрылымымен ұйымдасуы. Мемлекетіміздегі алғашқы қорықтар және оның негізін қалаушылар қорықтарды ұйымдастырудың тарихы. Қорықтар ұйымдастыру жұмыстарының негізгі қағидалары. Қорықтардағы ғылыми зерттеу жұмыстары және табиғи қорының инвентаризациясы. Популяциялармен жеке түрлердің экологиясы, өлі табиғатты зерттеу, биогенетикалық зерттеулер, генетикалық қор және оны қорғау. Өсімдіктер мен жануарлардың жойылып бара жатқан түрлерін қалпына келтіру бағытындағы жұмыстар. Қазақстандағы 10 - қорықтардың , 62- қорықшалардың экожүйелерінің жағдайының сипаттамасы. Қорық аймақтарындағы реликт түрлердің, жануарлар және өсімдіктер әлемінің, жер бедерлерінің әр түрлі болуы және алуан түрліліктері.Өте сирек кездесетін, жойылып бара жатқан жануарлармен өсімдіктерді қорғау мәселелері.</p>	<p>- білімділік: Қазақстанның табиғи аймақтарының ерекшеліктерімен танысу- ыстық құмдық шөден және ылғалды тоғайлы ормандардан бастап Тянь- Шяньнің биік таулары мен жоталарына дейінгі табиғи аймақтары.</p> <p>- түсініктілік: ҚР - дің қорықтарымен қорықшаларының маңыздылығы мен рөлін түсіну;</p> <p>- дағды: аймақтардың табиғатты қорғау іс-шараларының, жүйелерінің экологиялық даму қағидаларын іс-жүзінде қолдана білу.</p>	Қазақстан экологиялық мәселелері,Мүктер және қыналар, Орнитология	Магистратура пәндері
В	Ұлттық паркттер мен ескерткіштер	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: Жер бетінің зоогеографиялық облыстарында жануарлар әлемінің таралуының ерекшеліктері туралы білімді кеңейту. Жердің географиялық қабаты және биосфера туралы білімдерін тереңдету. Әртүрлі мемлекеттерде еліміздің аумағындағы қорғауға арналған аймақтарды ұйымдастырумен байланысты мәселелерді қарастыру. Жер бетіндегі қорғауға арналған аймақтардың ашылу тарихын көрсету.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: табиғатты қорғаудың мазмұнын ашу. Қорғауға алынған аймақтардың алуан түрлі категорияларын қарастырып олардың мақсатымен приоритеттерін анықтау. Табиғи қорғауға алынған аймақтарды ұйымдастыру қағидаларын бөліп қарау.Ландшафтың типтері бойынша, экожүйелер, географиялық зоналар бойынша табиғатты қорғаудың мәселелерін анықтау. Қазақстанмен әлемнің басқа мемлекеттеріндегі қорықтардағы жүргізу жұмыстарымен ұйымдастырылуын және оның құрылымын көрсету</p>	<p>Кіріспе. Табиғатты қорғаудың маңызы, пәні мақсаты. Табиғи экожүйелердің табиғатты қорғау негіздері. Табиғатты қорғау ісінің құқықтық және құқықтық нормативтік базасы. ҚР заңы " Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар". Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың халықаралық классификациясы. Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық ұйымдары. ЮНЕСКО-ның жұмысы. Қазақстандағы табиғи ұлттық паркттердің құрылымы және ұйымдастырылуы. Табиғи ұлттық паркттердің ұйымдастырылу тарихы. Қорық жұмыстарының негізгі қағидалары. Табиғи ұлттық паркттерде ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жалпы зерттеу жұмыстары, табиғи қорларды инвентаризациялау. Популяциялармен жеке түрлердің экологиясы, өлі табиғатты зерттеу, биогенетикалық зерттеулер, генетикалық қор және оны қорғау. Өсімдіктер мен жануарлардың жойылып бара жатқан түрлерін қалпына келтіру бағытындағы жұмыстар. Қорық аймақтарындағы реликт түрлердің, жануарлар және өсімдіктер әлемінің, жер бедерлерінің әр түрлі болуы және алуан түрліліктері. Өте сирек кездесетін, жойылып бара жатқан жануарлармен өсімдіктерді қорғау мәселелері.</p>	<p>-білімділік: көрсетілген аймақтардың негізгі категорияларын мемлекеттік табиғи қорықтарды биосфералық ұлттық табиғи паркттерді, мемлекеттік табиғи қорықшаларды, табиғат ескерткіштерін білу.</p> <p>-түсініктілік: табиғи қорғауға алынған аймақтарды ұйымдастыру қағидаларын бөліп қарау.Ландшафтың типтері бойынша, экожүйелер, географиялық зоналар бойынша табиғатты қорғаудың мәселелерін анықтау.</p> <p>Қазақстанмен әлемнің басқа мемлекеттеріндегі қорықтардағы жүргізу жұмыстарымен ұйымдастырылуын және оның құрылымын көрсету</p> <p>- дағды: қорғалатын аймақтардың типтерін айыра білу (қорықтар, ұлттық паркттер, қорықшалар, табиғат ескерткіштері т.б.) және ұйымдастырылатын қорғауға алынған аймақтардың ерекшеліктерін бағдарын анықтау.</p>	Шөлдену проблемалары, Геоботаника	Магистратура пәндері
А	Биогеография	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: Әлемнің әртүрлі аудандарында биосферада орман биоценозының ерекшеліктерін оқып білу. Биогеографияның Жер бетіндегі бірлестіктердің және тірі ағзалардың таралуын зерттейтін ғылым екендігі. Биогеографияның құрылымын: жалпы биогеография, өсімдіктер биогеографиясы және зоогеография.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: жердің тарихын білуде биогеографияның мәліметтерін оқып білу және табиғатты пайдаланудың тәртібін, тірі табиғаттың эволюциясын білу.</p>	<p>Биогеография ғылымы-жер шарындағы алуан түрлі биоценоздардың орналасу тәртібін, таралуының заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Биогеографияның бөлімдері: ағзалардың географиясы, микроағзалардың географиясы, өсімдіктер мен жануарлардың географиясы. Ағзалардың жалпы географиясы. Өсімдіктер жамылғысының географиясы және жануарлардың орналасу географиясы. Өсімдіктер жамылғысының құрамы және жануарлар әлемінің түрлері. Микробиоценоз, фитоценоз, биоценоз географиясы.</p>	<p>-білімділік: су экожүйесінің жер бетінің биомдарының фауна және флора өкілдерінің биогеографиясын білу;</p> <p>-түсініктілік: ағзалардың таралуына антропогендік әсердің қазіргі кездегі деңгейін түсіну;</p> <p>- дағды: ағзалардың және өсімдіктердің систематикалық топтарының мекен ету орталарын орындарын картаға түсіре білу.</p>	Омыртқасыздар зоологиясы.	Магистратура пәндері
Б	Биогеоценология	БП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: әртүрлі физикалық географиялық жағдайларда экожүйелердің негізгі таксондарының құрылымдық қызметтік ұйымдасуы туралы, олардың тұрақты тіршілік ету қағидалары туралы білім қалыптастыру.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: экожүйелердің, биогеоценоздардың құрылымы мен динамикасы туралы түсініктер қалыптастыру. Жайылым тітпес және детритті экожүйеге қатысты мозайкалық-цикльдық экожүйелердің ұйымдасу концепцияларын қарастырып сараптау.</p>	<p>Биогеоценология-тірі және өлі табиғаттың бір бірімен қарым-қатынасты және байланыстағы жүйе туралы ілім. Олардың ғаламдық көрінісі-Биосфера. Геоботаника. Жалпы экологияның бөлімі экожүйелерді зерттейтін биогеоценологиялық жер бетінің жамылғысы. Әртүрлі биогеоценоздардың қызметі және құрылымы. Биологиялық өнімділік. Қоршаған ортамен популяциялардың ондағы даралардың топтардың қарым-қатынасы мен байланыстары.</p>	<p>-білімділік: қазіргі биоценоздардың қызметтік ерекшеліктерін, биогеоценоз туралы оның құрылымы мен динамикасын экологиялық дағдарыс түсініктерін білу.</p> <p>-түсініктілік: тірі жүйелердің тұрақтылығының басты факторы және бір тұтас биосферадағы биологиялық алуантүрліліктің маңызын түсіну;</p> <p>- дағды: құрлықтың негізгі экожүйелерінде жүретін табиғи апаттар адам әрекетінен болатын әртүрлі типтегі бұзылулар, сукцессия процесстерінің ерекшеліктерін сараптай білу.</p>	Паразитология, Биоорганикалық химия	Магистратура пәндері

B	Биологиялық алуан түрлілікті сақтау				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: табиғи экожүйелердің тұрақты тіршілігін және адамзат қоғамының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін биоалуантүрліліктің рөлі, биоалуантүрліліктің географиялық таралуын, ағза үсті биологиялық жүйелер мен тірі ағзалардың алуантүрлілігі туралы түсініктің болуы.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: адам қоғамы үшін биоалуантүрліліктің негізгі құндылықтары. Биоалуантүрлілікті қорғаудың популяциялық-түрлік деңгейімен танысу. Биоалуантүрлілікті қорғаудың экожүйелік деңгейін зерттеу. Қазіргі кездегі биоалуантүрлілікті сақтауды бағалау.</p>	<p>Кіріспе. Экожүйелік тұрғыдағы орта. Урбанизацияланған ортаның негізгі көрсеткіштері. Абиотикалық ортаның ерекшеліктері, Биотикалық ортаның ерекшеліктері. Фауна мен Флораның урбанизациясы. Биотаны зерттеудің әдістері. Урбаноандшафтың экоэкологиялық құрылымы. Ландшафтардың классификациясы. Урбаноэкожүйелердің аймақтық, зоналық сипаттамасы. Урбандалған ландшафтардағы биоалуантүрлілікті сақтау. Экологиялық аптимизациялаудың және урбанизациялаудың мәселелері.</p>	<p>-білімділік: биоалуантүрліліктің өзгеруіне қоршаған ортаның факторларының әсерін, биоалуантүрліліктің динамикасының заңдылықтарын білу; -түсініктілік: жиі таралған индекстік есептердің биоалуантүрліліктерді бағалауда қолдануын, алынған нәтижелерді интерпретациялауда, биоалуантүрлілік туралы көрсеткіштердің графикалық анализін жасауда алатын орнын түсіну; - дағды: биоалуантүрлілікті бағалау үшін қолданылатын стандарттар мен арнайы бағдарламаларды қолдана білу. Биоалуантүрліліктердің классификациясындағы деңгейлерді бағдарлау және биоалуантүрліліктің негізгі қағидаларын жүйелер концепцияларын есептеп шығару әдісінің параметрін қолдана отырып бағалау.</p>	Геоботаника, Микология, Маммалогия	Магистратура пәндері
A	Биотехнология				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: Биотехнология түсінігімен, биотехнологияларының жаңа жетістіктерімен оның ғылыми танымын оқып білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: трансгенді өсімдіктер мен жануарларды, белогыт мал азығын алу үшін, микробиологиялық өнеркәсіпте қолданылатын негізгі биотехнологиялық процесстерді зерттеу.</p>	<p>Кіріспе. Биотехнологияның анықтамасы. Биотехнологияның мақсат міндеттері. Биотехнологияда қолданылатын әдістер. Биотехнологияның жетістіктері мен перспективалары. Микроағзалар, жоғары сатыдағы өсімдіктер биотехнологиясы. Трансгенді өсімдіктер алу. Биотехнология және энергия. Микропты синтездеу арқылы липидтерді және ақуызды заттарды өндіру. Қоршаған орта және биотехнология. Трансгенді жануарлар.</p>	<p>-білімділік: биотехнология бағытында әртүрлі бағыттағы фундаментальды зерттеулер мен қолданбалы өңдеулерді білу; - түсініктілік: биотехнологияда нанообъектілердің ерекшеліктерін түсіну; - дағды: биотехнологияның негізгі әдістерін қолдана білу.</p>	Омыртқалылар зоологиясы, Биохимия, Өсімдіктер физиологиясы, Биология ғылымының методологиясы және даму тарихы.	Магистратура пәндері
B	Өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: өсімдіктердің тіршілік заңдылықтары туралы білім қалыптастыру және биохимиялық, молекулалық және физиологиялық процесстерін бір бірімен қарым-қатынасының механизмдерін, бір тұтас ағза жүйесіндегі реттелуін білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: өсімдік жасушасының биохимиясы мен физиологиясын зерттеу, өсімдік бойындағы тіршілік әрекеттерінің физиологиялық мазмұнын меңгеру, даму мен өсудің негізгі заңдылықтарын қарастыру. Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына тұрақтылығын, оның бейімделуінің физиологиялық негіздерін зерттеу. Түсімінің физиологиялық және биохимиялық үдерістерін білу.</p>	<p>Биологиялық білімдер қатарындағы өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясының алатын орны, пәннің мақсаты және міндеттері. Агрономиялық және жаратылыстану-ғылыми пәндерімен байланысы. Өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясының зерттеу әдістері. Өсімдіктердің тіршілік әрекеттерін әртүрлі ұйымдасу деңгейлерінде зерттеу. Биотехнология мен агрономияның теориялық негізі өсімдіктер физиологиясы екендігі. Өсімдіктер физиологиясының қазіргі кездегі өзекті мәселелері. Өсімдік жасушасының физиологиясы және биохимиясы. Су алмасу. Тыныс алу. Фотосинтез. Минералдық қоректену. Өсімдіктерде заттардың тасымалдануы және зат алмасуы. Өсу және даму түсімінің сапасының қалыптасуының физиологиясы мен биохимиясы. Бейімделу және тұрақтылық.</p>	<p>- білімділік: өсімдік жасушасын зерттеу әдістерімен биохимиясын және физиологиясын білу; -түсініктілік: эксперименттік мәліметтерді өңдеп және сараптай білу. Өсімдік шаруашылығының дамытуы көтеруде физиологиялық шешімдерді жаңалықтарды даярлау, өңдеу; - дағды: тұқымдардың өсу күшін және өміршеңдігін анықтай білу. Әртүрлі өсімдіктердің тіршілік әрекетінің белсенділігін және фотосинтездің таза өнімділігін, жапырақтың аумағына қарап анықтай білу. Өсімдіктердің жағымсыз факторлардың әсеріне тұрақтылығын анықтау.</p>	Төменгі сатыдағы өсімдіктер систематикасы, Гендік инженерия.	Магистратура пәндері
B	Өсімдіктер цитозмбриологиясы				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: өсімдіктердің эмбрионалдық процесстерінің физиологиясының, цитомиксис, микро және макро спорогенез, тозаң қаптардың құрылысын және ұрық бастамасының құрылысын білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: өсімдіктердің репродуктивтік биологиясының әдістерін және олардың қазіргі кездегі өзекті мәселелерін, репродуктивтік цитозмбриология туралы ойлар қалыптастыру.</p>	<p>Ұрық бастамасы және тозаңқаптардың құрылысы. Макро және микро спорогенез. Цитомиксис. Цитологиялық аталық стирильдік. Аталық гаметофит. Аналық гаметофит. Тозандану және ұрықтану. Ұрық және эндосперм. Апомиксис. Полиэмбриония және партенокарпия. Электрондық, микроскоптық зерттеулер. Цитозмбриологиялық белгілердің көптілігі. Цитозмбриологияда эксперименттерді пайдалану. Ұрықтану, тозандану және гүлдену процесстерін зерттеу. Эмбрионалдық үдерістердің физиологиясы. Жасанды қоректік ортаны пайдалану. Апомиксистерді жасанды жолмен алу. Цитозмбриология бойынша шолу.</p>	<p>- білімділік: макрокопиялық және микрокопиялық деңгейде өсімдік ағзасының құрылысының ерекшеліктерін және негізгі түсініктерін білу. Өсімдіктердің даму ерекшеліктері, антогенез және эволюция кезеңінде даму ерекшеліктері, қор таңудағы өзекті мәселелерді шешу үшін морфологияның мәліметтерін пайдалану. Ауылшаруашылығында қорғау мекемесіндегі негізін өңдеу. түсініктілік: цитозмбриологиялық белгілердің көптілігі цитозмбриологияда экспериментті қолдану; - дағды: гүлдерді анықтау тозандану және жеміс салу. Эмбрионалдық процестің физиологиясы. Жасанды қоректік ортаны қолдану. Апомиксистерді жасанды жолмен алу. Цитозмбриология бойынша шолу.</p>	Биологияның мектеп курсы	Магистратура пәндері
A	Өсімдіктер және жануар селекциясы				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: Өсімдіктер мен жануарлардың жаңа іріктемелері мен сорттарын шығарудағы будандастыру мен селекцияның ережелерін зерттеу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: инбридинг, аутбридинг, практикалық және алыс туыстық будандастыруда генетика ғылымында қолдана білу мен танысу және олардың ережелері мен әдістерін білу. Швед селекциягері Н.И.Павловтың жұмыстарымен таныстыру.</p>	<p>Өсімдіктердің гибристерімен сорттарын алу әдістері. Жануарлардың іріктемелерін алу жолдары. Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы. Г.Мендельдің заңдары, мутация және таза линиялар туралы ілім. Өсімдік және жануарлар ағзаларының тұқымқуалаушылығы. Өсімдіктер мен жануарлардың жеке іріктемелері. Фенотип және генотип.</p>	<p>- білімділік: инбридинг, аутбридинг, практикалық және алыс туыстық будандастыруда генетика ғылымында қолдана білу мен танысу және олардың ережелері мен әдістерін білу. Швед селекциягері Н.И.Павловтың жұмыстарымен таныстыру; - түсініктілік: тірі жүйелердегі ұйымдасу деңгейінің әртүрлі иерархиясындағы физикалық және химиялық үдерістердің рөлін түсіну; - дағды: жер бетінде тіршіліктің пайда болуы мен дамуын материалістік тұрғыда түсіндіру үшін жалпы биологиялық заңдылықтарды пайдалана білу.</p>	Биохимия.	Магистратура пәндері

Б	Ауыл шаруашылық негіздері	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: топырақтың түрлері мен құрамын, құрылымын, өнімділігін, топырақты органикалық және минералдық тыңайтқыштармен құнарландыру шаралары, минерал тыңайтқыштарының түрлерімен танысу және оларды сақтау тәртібін білу. Мал шаруашылығымен егін шаруашылығында тыңайтқыштарды пайдалану және қолдану үрдістерін білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: топырақ түзілу егін шаруашылығы туралы ақпараттарды меңгеру, маңызды мәдени өсімдіктердің агрохимиясын және ауыл шаруашылықтағы маңызды жануарлардың түрлерін, жерді тиімді пайдалану туралы мәліметтерді жинақтап қорыту. Агрохимия егін шаруашылығы топырақтану мәселелерін және олардың байланысын ауыл шаруашылығымен мал шаруашылығында көрсете білу.</p>	<p>Ауылшаруашылық негіздері пәні, мақсаты, міндеті және әдістері. Ауыл шаруашылығының дамуының негізгі тенденциялары және қазіргі кездегі жағдайы. Дамудағы елдердің ауыл шаруашылығы, Өтпелі экономика тіндеті мемлекеттердің ауылшаруашылығының дамуының өзекті мәселелері. Өнеркәсібі дамыған елдердегі мемлекеттердегі ауыл шаруашылығының даму ерекшеліктері. Бүкіл әлемдік ауыл шаруашылығының салаларын ұйымдастыру және оның экономикасы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - білімділік: мал шаруашылығының, өсімдік шаруашылығының, агрохимияның, егін шаруашылығының, топырақтанудың мәселелері мен заңдылықтары және негізгі түсініктерін білу; - түсініктілік: биоалуантүрліліктің биофераның біртұтастығында тірі жүйелердің тұрақтылығының негізгі факторы екендігін түсіну. Зерттелетін объектілерге классификациясына, идентификациясына, сипаттамасына, бақылауға, тәжірибелерге біртұтас комплексті келу (өсімдіктер, жанарлар ағзасына және топыраққа); - дағды: шет елдердегі ауылшаруашылығындағы тәжірибелерге өндірістік тұрғыда қатынаста зерттей білу. 	<p>Қазіргі заманның биология ғылымының мәселелері, Жануарлар биохимиясы.</p>	<p>Магистратура пәндері</p>
Б	Қазіргі заманғы селекцияның құрылымы	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: селекциялық микробиологияның әдістері, мал шаруашылығында оның өнімділігін жоғарылататын белгілі жануарлар линиясының іріктемелерін жетілдіру және жаңа іріктемелер алуға әдістерді қолдануды оқып білу. Осы әдістерді егін шаруашылығында қолдана білу және микроағзалардың селекциясын оқып білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: оқу барысында селекцияның негіздері тұқым құлаушылық, өзгеріштілік, іріктеу әдістерін және бұдан алатын жүйелерінің теориясын меңгеру. Гендік инженерияның қарқынды дамып келе жатқан ғылыми бағыттарын оқып білу: биотехнологияны, эмбриондарды трансплантациялау, жануарларды клонодау және селекциялық мал дәрігерлік генетиканың негіздерін меңгеру.</p>	<p>Мал шаруашылығының негізгі мақсаттары. Ауылшаруашылығындағы малшаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатында жүргізілетін селекциялық асыл тұқымдық іс-шаралардың маңызы. Жануарлар селекциясының генетикалық негіздерінің ғылым ретінде пайда болуы. Отандық ғалымдардың селекцияның дамуындағы ролі. Үй жануарларының шығу тегі. Қазіргі мәдени іріктемелерді тұтастас, жабайы формалармен салыстыру. Жануарларды алыстан бұдан алатын жетекшіліктері және өзекті мәселелері. Доместикация белгілері. Аборигендік іріктемелер. Инбридинг жолымен алынған іріктемелер. Зыттық іріктемелер және линиялар, мутанттық формалар. Үй жануарларымен тұтастас жабайы түрлері. Аз өнім беретін, ірі қара малдың, бірақ өте бағалы генотиптерді сақтау: қойлар, жылқылар, шошқалар, құстар және т.б. түрлері. Жануарларды көбейтудің әдістері. Таза іріктемелер алу (аутбридинг, инбридинг, топкроссинг). Асыл тұқымдарға арналған кітап. Шежіре жазудың жүйелері. Райт бойынша инбридинг коэффициентін, инбридингті есепке алу әдістері. Шапоруға жүйесі. Өртүрлі жануарларда инбридинг депрессиясының көрінуі. Инбридингті құстар мен жануарларда алу. Жануарларды әрден бұдан алатын және іріктеме аралық линия аралық бұдан астыру. Бұдан астыру типтері: кірпе. Спайру өнім қалыңдығын арттыру. Асыл тұқымды шаруашылықта малдарды жасанды ұрыстандырудың ролі. Селекция ғылымының дамуында ғалымдардың тарихына қосқан үлесері (И.И. Иванов, В.К. Милованов және т.б.). Аса құнды өндіріштері мақсатты түрде пайдалану. Ұрықтары ұзақ мерзімге мұздатыншыларда сақтау және оларды алысқа тасымалдау. Өндіріштері летальды және деффекті гендер, аномалиялы хромосомаларға тексер қажеттілігі. Селекцияда молекулалық белгілермен биохимиялық, иммуно генетикалық көрсеткіштері қолдану.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - білімділік: шаруашылықта пайдалы белгілері бар штаммдар және ескі іріктемелер мен асыл тұқымдарды жетілдіру мен жаңа түрлерін шығару жолдарын білу; - түсініктілік: ғаламшардың энергетикалық ресурстары мен шикізаттарын максималды пайдаланатын өте жоғары технологиялық өнім беретін биологиялық жүйелерді түсіну; - дағды: аудан бірлігінде белгілі бір уақытта іріктемелердің, асыл тұқымдардың және штаммдардың өнімділігін анықтай білу және өнімнің тұтыну сапасын анықтай білу. 	<p>Маммология, Эгизмология, Қазіргі заманның биология ғылымының жетістіктері, Молекулалық генетика</p>	<p>Магистратура пәндері</p>
А	Микробиология және вирусология негіздері	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: микроағзалардың физиологиялық-биохимиялық негізгі сипаттамаларымен танысу. Микроағзалардың дамуын және тіршілік әрекеттерінің заңдылықтарын зерттеп білу. Топырақта, табиғатта, микроағзалардың әсерінен болатын өзгерістер. Суға, ауаға, адам ағзасында, жануарларда және өсімдіктерде.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: микроағзалардың алуантүрлі технологиялық процесстерде қолданылуы және шикі заттарды сақтау тәртібі, Азық-түлік даярлаудағы патогендік микроағзалардың ролін оқып білу.</p>	<p>Вирусология және микробиология негіздері пәнінің мақсаты және міндеті. Кірпе. Пәнің жалпы салалары, даму тарихы және басқа ғылымдармен байланысы, микробиологияның салалары, микроағзалардың құрылысы және микроағзалардың систематикасы. Прокариоттардың ашуы. Олардың қоректену типтері. Энергетикалық іс-әрекеттері, азотфиксация, фитотрофты бактериялар. Биополимерлі синтездеу. Ферменттерді реттеу. Плазмидтер, гендік инженерия. вирустар. Патогенді және вирулентті бактериялар.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - білімділік: микроағзалардың жұқпалы және жұқпалы емес патологиялардағы маңызы мен ролі, микроағзаларға қарсы күресте иммундық жүйедегі атқаратын ролі; - түсініктілік: жұқпалы аурулардың алдын алу және емдеудің мазмұнын түсіну; - дағды: жұқпалы аурулардың терапиясы мен диагностикасында алдын алудың және иммунды биологиялық препараттарды оқып білу дағдысы. 	<p>Цитология және гистология.</p>	<p>Магистратура пәндері</p>
Б	Иммунология	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: адам және жануарлардың иммундық жүйесінің жұмысы туралы қазіргі кездегі көрсеткіштерімен танысу. Негізгі иммундық жүйенің мүшелерімен және иммундық жауапқа қатысатын жасушалармен таныс болу. Иммундық компоненттік жасушалардың популяциялық және субпопуляциялық қызметтерімен таныс болу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: иммундық жауаптың механизмін түсіну және сараптау, иммундық жүйенің жұмысының бұзылуы туралы білімдерін және мамандық әрекетте иммундық сақтау жүйелерінің факторлары туралы білімдерін пайдалану. Жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың таралуын болдырмау үшін профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру.</p>	<p>Пәнің мақсаты және міндеттері. Иммундық статус. Фагацитоз, гумморальдық иммунитет және клеткалық иммунитеттерді бағалау әдістерімен танысу. Иммундық бұзылуды коррекциялау және реттеу. Клиникалық иммунологияда қолданылатын негізгі препараттардың топтары. Жалпы иммунология. Арнайы иммунология. Иммунология түсінігінің мазмұны.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - білімділік: адамның иммундық жүйесінің қызметін және құрылымын білу. Иммундық жүйенің жас ерекшеліктерін, клеткалық молекулалық механизмдерін, иммундық жүйенің дамуын білу; - түсініктілік: иммундық жауапта оның гумморальдық механизмдерімен иммундық жасушалық жауабының ролін түсіну; - дағды: адамның иммундық жүйесінің ұйымдасу деңгейлерін бағалау және оны сипаттай білу. 	<p>Жасушаның құрылысы</p>	<p>Магистратура пәндері</p>
В	Салауатты өмір салты	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: денсаулық және салауатты өмір салтының өзекті мәселелері. Адамның денсаулығы туралы және оны қамтамасыз ету, тіршіліктің нақты жағдайларында денсаулықты сақтау туралы білімдер жүйесін қалыптастыру.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: денсаулық мәселелеріне қазіргі көзқарастармен тенденциялармен таныстыру, денсаулықтың негізгі факторы ретінде өмір сүру салты туралы білімдерін тереңдету, өз денсаулығына және қоршаған адамдардың денсаулығына жауапкершіліктен қарауды қалыптастыру.</p>	<p>Денсаулықты қалыптастыру факторлары. Жеке денсаулық туралы түсінік. Салауатты өмір салтының біртұтас іс-әрекеттер жүйесі екендігі адамның ішкі денсаулық мүмкіншіліктері. Дене саулығының негіздері. Адамның психикалық денсаулығы және оны қалыптастыру жолдары. Денсаулықтың адамгершілік этикалық негіздері. Денсаулықтың жануалық негіздері. Зиянды әдеттердің алдын алу негіздері. Дене тәрбиесінің адамгершілік тұрғыдағы сауықтыру маңызы. Адам денсаулығы үшін физикалық жаттығулардың маңызы. Сауықтыру жаттығуларының негіздері. Физикалық немесе дене сапаларын дамытуға сауықтыру сауықтыру жағынан келу (күш, жылдамдық, төзімділік, иілгіштік).</p>	<ul style="list-style-type: none"> - білімділік: денсаулықты күшейту және сақтаудың негізгі әдістері-денсаулық деңгейін анықтайтын негізгі тәсілдерді білу, денсаулыққа әсер ететін негізгі факторларды білу; - түсініктілік: адамның ағзасының біртұтастылығымен биологиялық табиғатына адамның әлеуметтік денсаулығы психикалық және физикалық денсаулықтарының қарым-қатынасының әсерінің байланысын түсіну; - дағды: алған білімдерін денсаулықты сақтау жолына пайдалана білу, салауатты өмір салтының қағидаларын 	<p>Саламатты Қазақстан, Гельминтология, Миология</p>	<p>Магистратура пәндері</p>

А	Эволюциялық ілім				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: заманауи биологияда биологиялық түр және түр түзілу процесстерін зерттеу, эволюциялық процесстің қозғалушы күштері және оны тежейтін факторларды эволюцияның болжамы мен бағытын зерттеу білу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: тірі табиғаттың тарихи дамуының жалпы заңдылықтарын және тірінің ұйымдасу қағидаларының бірлігін, эволюциялық процесстің заңдылықтарын танып білу.</p>	<p>Жаратылыстану ғылымдарының дамуындағы эволюциялық ойлардың даму тарихы. Ж.Б.Ламарктың, Ч.Дарвиннің ілімдері және Дарвинизмнің негізгі қағидалары, табиғи сұрыпталудың концепциясы. Түр түзілуінің монофилетикалық теориясы. Дарвинизмнің тағдыры. Носдарвинизм және антидарвинизмнің генетикасы және оның себептері. Эволюцияның синтетикалық теориясы Дарвинизмнің қайта жандануының негізі. Эволюциялық ілімнің қазіргі замандағы өзекті мәселелері. Эволюцияның генетикалық негіздері. Микроэволюция. Популяция микроэволюцияның ең кіші өлшемі ретінде популяцияның генотипымен өзгеретін факторлар. Генетикалық-автоматтық процесстер. Микроэволюцияның нәтижелері. Оқшаулану және оның эволюциядағы рөлі. Қазіргі ғылыми көзқарас. Дивергенция, конвергенция, параллелизм.</p>	<p>- білімділік: тіршіліктің ерекшеліктері және оның материяның бір формасы екендігі, биологиялық жүйелердің фундаментальды түсініктері, зат алмасу процесстерінің мәні, онтогенез, тұқым қуалаушылық және өзгергіштікті білу;</p> <p>- түсініктілік: тіршіліктің материяның бір формасы екендігі, биологиялық процесстер мен құбылыстардың ерекшеліктерін түсіну;</p> <p>- дағды: гентикалық есептеу және туыстық шежіре түзе білу.</p>	<p>Цитология және гистология, Жеке даму биологиясы, Биология ғылымының методологиясы және даму тарихы.</p>	<p>Магистратура пәндері</p>
Б	Эволюцияның қазіргі заманғы теориясы	КП	3	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: эволюцияның заманауи теорияларымен қаруландыру.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: макроэволюцияның негізгі концепцияларын қарастырады: сальтациондық, редуцционистік, системалық, олардың сипаттамасы, бағыттары, жалпы тенденцияларымен заңдылықтары. Микроэволюциялық деңгейдегі факторлардың сарапталуы, микроэволюциялық өзгерістердің интеграциясының біртұтас жүйеге ұласуы.</p>	<p>Жаратылыстану ғылымдарының дамуындағы эволюциялық ойлардың даму тарихы. Ж.Б.Ламарктың, Ч.Дарвиннің ілімдері және Дарвинизмнің негізгі қағидалары, табиғи сұрыпталудың концепциясы. Түр түзілуінің монофилетикалық теориясы. Дарвинизмнің тағдыры. Носдарвинизм және антидарвинизмнің генетикасы және оның себептері. Эволюцияның синтетикалық теориясы Дарвинизмнің қайта жандануының негізі. Эволюциялық ілімнің қазіргі замандағы өзекті мәселелері. Эволюцияның генетикалық негіздері. Микроэволюция. Популяция микроэволюцияның ең кіші өлшемі ретінде популяцияның генотипымен өзгеретін факторлар. Генетикалық-автоматтық процесстер. Микроэволюцияның нәтижелері. Оқшаулану және оның эволюциядағы рөлі.</p>	<p>- білімділік: түр түзілуінің концепциясын, эволюциялық ілімнің негізгі теорияларын білу;</p> <p>- түсініктілік: биологиялық көзқарастың қалыптасуында эволюциялық ойлардың рөлін түсіну;</p> <p>- дағды: органикалық дүниенің эволюциясынан алынған білімді жүйелей және классификациялай алатын дағдыларды меңгеру.</p>	<p>Биология тарихы, Қазіргі заманның биология ғылымының мәселелері.</p>	<p>Магистратура пәндері</p>
В	Эволюцияның генетикалық негіздері				<p>Пәнді оқытудың мақсаты: генетиканың фундаментальды заңдылықтарын түсіну, генетикалық есептерді шығару дағдысы, өсімдік және жануар материалдарынан будандастыру бағытында эксперименттер жүргізу.</p> <p>Пәнді оқыту міндеттері: қазіргі генетиканың маңызды мәселелерінің жетістіктерін және оның жағдайы туралы білім қалыптастыру. Тыңдармандарда генетикалық ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>Генетиканың негізгі даму кезеңдері. Генетикалық зерттеулердің әдістері. Тұқымқуалаушылықтың материалдық негіздері. Прокариоттардың даму механизмі. Жасуша циклы. Эукариоттардағы жыныссыз дамуының механизмі митоз ретінде. Жынысты дамуының цитологиялық негіздері. Тұқым қуалаушылықтың қағидалары және белгілердің тұқым қуалауының заңдылықтары. Полигибридтік және моногибридтік будандастырудағы тұқым қуалаушылық. Гендердің әрекеттесуі негізіндегі тұқым қуалаушылық. Гендердің тіркесуі хромосомасыз тұқым қуалаушылық. Микроағзалардағы генетикалық сараптаудың ерекшеліктері. Өзгергіштік және оның себептері, зерттеу әдістері. Мутациялық өзгергіштік және оның классификациясы. Кездейсоқ және индукцияланған мутагенез. Модификациялық өзгергіштік. Геннің табиғаты. Ген туралы ойлардың эволюциясы. Тұқым қуалаушылық ақпараттың іске асуының молекулалық механизмі.</p>	<p>- білімділік: селекцияның генетикалық негіздерін, тұқым қуалаушылықтың құрылымдық-функционалдық бірлігін, өзгергіштіктің заңдылықтары мен тұқым қуалаудың фундаментальды заңдарын білу;</p> <p>- түсініктілік: генетиканың негізгі заңдылықтарын тұқым қуалаушылық ақпараттың көрінісінің молекулалық механизмін түсіну;</p> <p>- дағды: өсімдік зер затын гибридтеуге арналған тәжірибелер қою.</p>	<p>Эмбриология, Адам биологиясы, Молекулалық генетика.</p>	<p>Магистратура пәндері</p>